



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

БІЗ БАРЛЫҚ МАҚСАТ – МҰРАТТАРҒА МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ЖЕТЕМІЗ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстанның Жаңа Конституциясының күшіне енуіне орай үндеуі

Сарқылмасын Сыр - Ана!



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ WWW.QAA.KZ qaa.kz Ақжылқыт Ақшамы Газеті

ШІЛДЕ - ӨЗГЕРІСТЕР АЙЫ

Жаңа Конституция күшіне енеді. 2026 жылғы 1 шілдеден бастап жаңа Конституция толық көлемде күшіне енеді. Осыған байланысты елдің саяси институттары мен заңнамасында түбегейлі өзгерістер басталады. Парламент орнына – Құрылтай: екі палаталы Парламент өз қызметін тоқтатып, оның орнына жоғары заң шығарушы орган ретінде бір палаталы кәсіби Құрылтай құрылады. Оның құрамына 5 жыл мерзімге сайланатын 145 депутат кіреді;

Сондай – ақ Заң нормаларындағы «Парламент» сөзі «Құрылтай» деп, ал «республикалық референдум» термині «жалпыхалықтық референдум» болып түзетіледі;

Саяси жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында жаңадан вице-президент лауазымы енгізіледі.

Қазақстан Халық Кеңесі құрылады. Елде жаңа консультативтік-кеңесші орган Қазақстан Халық Кеңесі жұмысын бастайды. Оның құрамына 126 адам мүше болады. Таратып айтар болсақ:

42 өкіл этномәдени бірлестіктерден;

42 өкіл қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдардан;

42 өкіл мәслихаттар мен қоғамдық кеңестерден болады.

Жаңа Конституция бойынша азаматтардың құқықтарын қорғауда да жаңалықтар бар. Құқық қорғау органдары азаматты ұстаған сәтте оған үнісіз қалу, адвокат жалдау, телефонмен

қоңырау шалу құқықтарын және қандай бап бойынша ұсталғанын бірден түсіндіруге міндетті болатын «Миранда» қағидасы жүзеге аса бастайды.

Адвокаттардың мәртебесі конституциялық деңгейде бекітіліп, олар сот процесіне прокурорлармен тең жағдайда қатысу мүмкіндігін алады.

Жаңа Конституцияда Қазақстан халықаралық аренада ең алдымен өзінің ұлттық мүддесін толық қорғауға басымдық береді.

Сонымен қатар азаматтарға берілетін құқықтық кепілдіктер кеңейтіледі. Атап айтқанда, бір құқықбұзушылық үшін бір адамды екі рет жауапқа тартуға конституциялық деңгейде тыйым салынады. Кінәсіздік презумпциясының тұжырымы күшейтіледі. Бұдан бөлек, адамның өзіне, жақын туыстарына, сондай-ақ өзіне сырын сеніп айтқан дін қызметкерлеріне қарсы күәлік беруге мәжбүрлеуге тыйым салу аясы кеңейтіледі.

Конституцияның жаңа редакциясында әр азаматқа өз құқықтарын барлық заңды тәсілмен, соның ішінде қажетті қорғану арқылы қорғау құқығы кепілдендіріледі.

Тұрғын үйге қол сұғушылық мәселесі де жеке көрсетіледі. Құжатта адамды тұрғын үйінен айыруға және оны тиісті сот шешімінсіз үйінен шығаруға мүлде жол берілмейтіні нақты жазылған.

Өзгерістер митингілерді реттеуге де қатысты. Бейбіт жиналыстар мен демонстрациялар өткізу құқығы сақталады, бірақ тұжырымдар

қатаңдай түседі. Рұқсат етілетін нысандар тізімі қысқарады: мәтіннен «шерулер» мен «пикеттеу» терминдері алынып тасталған. Сонымен қатар мұндай жиналыстарды шектеудің заңды негіздері кеңейтілген.

Жаңа Конституцияда цифрлық ортадағы құқықтарды қорғауға да ерекше назар аударылған. Құжатта цифрландыру жағдайында азаматтардың құқықтарын қорғау мен дербес деректердің қауіпсіздігін күшейтуге басымдық беріледі.

Қаржы және банк саласында жаңа ережелер қалыптасады. Салық кодексіндегі терминологиялық түзетулерге сәйкес ұлттық валютаның атауы ресми құжаттарда мемлекеттік тіл емлесімен теңге деп жазылады, бұрынғы теңге сөзі толықтай алмастырылады. Бұл ақша реформасын немесе валюта ауыстыруды білдірмейді, тек жазу өзгереді. Бұл тарапта бұрын берілген құжаттарды қайта өзгерту талап етілмейді.

Банк қосымшаларында шот ашу қиындайды. 12 шілдеден бастап банк қосымшаларында тек есім мен телефон нөмірі арқылы тіркелу мүмкін болмайды. Қашықтан тіркелу кезінде банк бет-әлпетті мемлекеттік базамен салыстыру арқылы биометриялық тексеріс жүргізіледі.

Телефон нөмірінің мемлекеттік мобильді азаматтар базасында нақты ЖСН-ге тіркелгенін тексереді, немесе ЭЦП талап етеді.

2 - бетте

Құрметті отандастар!

Жаңа Конституциямыздың заңды күшіне енуі – бүкіл еліміз үшін айрықша маңызды оқиға. Баршаңызды шын жүректен құттықтаймын!

Бүгін тәуелсіз Қазақстан тарихының жаңа дәуірі басталады. Біз саяси-экономикалық реформалардың, ауқымды өзгерістердің және қарқынды дамудың даңғыл жолына түсеміз.

Осы ерекше күн еліміздің бүкіл саяси жүйесін, сондай-ақ мемлекеттің және азаматтық қоғамның негізгі институттарын түбегейлі жаңғырту кезеңі басталғанын аңғартады.

15 наурызда өткен жалпыұлттық референдумда Қазақстан халқы ел тағдырына тікелей ықпал ететін және мемлекеттің ондаған жылдарға арналған даму бағдарын айқындайтын таңдауын жасады. Миллиондаған отандасымыз берекелі бірлік танытып, шынайы отаншылдық пен жоғары жауапкершіліктің озық үлгісін көрсетті. Бұл тарихи шешімнің төл шежіремізде алтын әріппен жазылатыны анық.

Бұдан былай Конституция күні «Наурызанама» онкүндігімен қатар аталып өтеді. Мұның символдық мәні зор. Конституция күні ел ішінде гасырлар бойы орныққан көктемгі жаңару дәстүрлерін Ата заңның басты қағидаттарымен тоғыстырады, яғни азаматтарымыздың ырысты ынтымаққа, озық білімге, ел игілігі жолында адал еңбек етуге деген талпынысымен үндеседі.

Біз нағыз Халық Конституциясының мызғымас құқықтық негізіне арқа сүйеіп, барлық мақсат-мұраттарымызға міндетті түрде жетеміз. Заң мен Тәртіп, Еңбексүйгіштік пен Өрлеу, Тазалық пен Табиғатты аялау сынды жасампаздық құндылықтарын қоғамда берік орнықтырамыз. Бұған еш күмәнім жоқ.

Біз бірлігі бекем, біртұтас ұлт ретінде әлемдік өркениеттің шыңын бағындырып, баршаға бірдей мүмкіндік беретін және барлық азаматтың жан-жақты дамуына жол ашатын мемлекетті – Өділетті Қазақстанды құрамыз!

Қастерлі Отанымызды көркейту жолындағы жоспарларымызды ойдағыдай орындаймыз. Мен бұған кәміл сенемін!

Қазақстан Республикасы жасай берсін!

Халқымыз мәңгі жасасын!

2026 жылғы 01 шілде

ЖАҢА КЕЗЕҢ – ЖАҢА МҰМКІНДІК

Биылғы жылғы жаздың шілдесінің тағы бір күні өтіп барады. Уақыт не деген жүйрік. Осыдан біршама уақыт бұрын Жаңа Конституцияны қабылдау жөнінде референдум өткізіп, 1 шілдеден бастап Жаңа Конституция өмірге еніп, Парламент тарап, Құрылтайға сайлау өтеді. Жаңа заңға орай жаңа ережелер еніп, өмір сүру дағдымызға бірқатар өзгерістер болады дегенде әлі біраз уақыт бар дейтінбіз...

Бүгін 1-ші шілде. Кеше қос Палаталы Парламент тарады. Ештеңесі де жоқ, Мәжіліс пен Сенат депутаттарының біріккен отырысында Мемлекет басшысы сөз сөйлеп, Парламент депутаттарына жемісті жұмыстары үшін рахмет айтты. Енді құрылатын Құрылтайдың партиялық тізім бойынша сайланатын жаңа депутаттарына сәттілік тіледі.

Қ.Тоқаев парламентте сөйлеген өз сөзінде «Қазақ мемлекеттілігінің ғимаратына жөндеу жүргізу кезеңінде» деп, қоғамға біраз жайдан белгі берді. Бұған дейін Мемлекеттік хатшы болып келген Е.Карин Президент әкімшілігінің басшысының бірінші орынбасары болып тағайындалды. Кариннің қызметтен бұдан да жоғары көтерілуінен үмітті болып жүрген кейбіреулер бұл тағайындауды төмендеу деп ұқпанымен, дәл осы Ерлан Тынымбайұлы Президент айтқан «мемлекеттілігіміздің ғимаратын жөндеу жұмыстарын» жүзеге асыратын Бас сәулетші, немесе бас прораб ретінде осы қызметке келді – ау деген жорамалдар да жоқ емес.

Әр күз, әр көктем Үкімет үшін бір күмән, бір үміт. Кетіп қалмас па екенбіз деген күмәнді бөлім әлі де қалармыз деген үміттің жеңіп келе жатқаны белгілі жай. Бұл жылғы жазда Үкімет үмітіне селкеу түсіп тұрғандай. Мемлекет басшысының да сөз басын үкіметтен бастауы тек болмаса керек. Тоқаевтың «инфляцияны тежеп, мейлінше төмен деңгейге жеткізгені жөн. Экономиканың қарқынын төмендетпей, керісінше оның көрсеткіштерін ұлғайту қажет» деген тапсырмасы қазіргі үкімет үшін оңай емес екені рас. Президент тапсырмасынан кейін осы Үкімет сонда осы уақытқа дейін не істеп отыр деген сұрақ туындайтыны да анық. Үкімет беделі таразысының бір басындағы инфляцияның төмендеу деңгейі мен екінші басындағы экономикалық көрсеткіштердің ұлғаюы үкіметтің бар күшін сарқып болған сияқты...

Президент сөзін тыңдап бірі үмітті, бірі мұңлы болса да үндемей ғана тарап, кетіп бара жатқан Парламент депутаттарында бір дәме бары анық. Өз сөзінде «Құрылтайға ең үздіктер барады» деп елді үздіктіріп алған Мемлекет басшысы сөз соңында «Жаңа кезең – жаңа мүмкіндіктер уақыты. Депутаттардың бірқатары Құрылтайға өтіп, ел игілігі жолында еңбек ете береді» деп тарап жатқандарды бір жұбатып қойды. Бұдан бөлек «Қазақстан Халық Кеңесінде де өздеріңіз секілді білікті азаматтар болуы керек» деп тағы бір үміт беріп, тараған депутаттарға тағы бір төрорынның шетін шығарды.

Президент өз сөзінде жаңа кезеңде басымдық берер 5 бағытты атап айтты. Алайда жұрт үшін 5 бағыттан гөрі вице-президент пен Құрылтай депутаттарының кім болары қызықтау болып, қазір қоғам соны қызу талқыға салып жатыр...

С.Бихожаева
3-бетте

Үкімет пен әкім

Қызылорда облысының әкімі М.Ергешбаев:

ЖАҢА САЯСИ КЕЗЕҢ ҮЛКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮКТЕЙДІ

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен шілде айының алғашқы күні өткен Үкімет отырысында Жаңа Конституцияның күшіне енуі аясында Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау барысы қаралды. Оған Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ергешбаев селекторлық режим арқылы қатысты.

нәтиже беретін тиімді мемлекеттік саясатқа айналдыру. Сыр өңірінде де жаңа саяси реформалардың талаптарына сәйкес кешенді жұмыстар жүргізілуі қажет», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Күні кеше Мемлекет басшысы Парламент палаталарының бірлескен отырысында саяси-экономикалық реформалардың, ауқымды өзгерістердің жаңа

экономиканың дамуына ықпалын тигізетіні сөзсіз.

2022 жылы құрылыс саласына мемлекеттік бюджет есебінен 24,3 млрд. теңге, 2025 жылы 138,3 млрд. теңге бөлініп, қаржы көлемі 6 есе өскен. Жалпы осы жылдар аралығында 272 әлеуметтік нысан және 1016 тұрғын үй пайдалануға берілді.

Биыл жыл соңына дейін табысталатын 3 685 пәтер 15 мыңға жуық тұрғынның баспана мәселесін шешеді.

Облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов Мемлекет басшысы, Үкімет, облыс әкімдігі белгілеген бағыттарды іске асыруда мектепке дейінгі тәрбиеден бастап, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білімге дейінгі барлық деңгейде сапаны арттыруға басымдық берілетінін атап өтті.

Негізгі міндет – білім беру жетістіктерін халықаралық талаптарға сәйкестендіру, ауыл мен қала мектептері арасындағы білім сапасының алшақтығын азайту, пәндік біліммен қатар функционалдық сауаттылықты дамыту.

Биылғы оқу жылында облыста 29 оқушы халықаралық олимпиаданың жүлдегері атанса, 143 шәкірт республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар байқауында үздіктер қатарынан көрінді. Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиада қорытындысымен облыс командасы «Ең үздік олимпиадалық команда» номинациясын иеленді. Ерекше атап өту қажет, Қызылорда облысы жыл сайын республикада алдыңғы үштіктен көрініп келеді.

Басқарма басшысы цифрлық трансформацияны жеделдету, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін еңбек нарығының сұранысына бейімдеу, тәрбие жұмысын жаңа мазмұнда күшейту үшін атқарылатын жұмыс бағытына да тоқталды.

Облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Мәлдір Тәуіпбаева кейінгі төрт жылда өңір экономикасына 2,4 трлн. теңгеге жуық инвестиция тартылғанын атап өтті. Жүзеге асқан 72 индустриялық жобаның құны 400 млрд. теңгеден асады. Бұл өнеркәсіп құрылымындағы өңдеу өнеркәсібінің үлесін 38%-ға жеткізіп, 2022 жылмен салыстырғанда аймақтың шикізатқа тәуелділігін 12,4%-ға төмендетті.

Алдағы үш жылда 1,9 трлн. теңгеге 48 инвестициялық жоба жүзеге асырылып, 10 мыңнан аса жаңа жұмыс орындары ашылады. Бүгінде 14 ірі жоба, оның ішінде 4 жобаның құрылысы жүргізілуде және 2-еуінің қапсуласы салынды. Жыл соңына дейін тағы 8 жобаның құрылысы басталады, 100 млрд. теңгенің 21 жобасы жоспарланған.

Мәжілісте баяндама жасаған барлық басқарма басшылары өздері жетекшілік ететін салалардағы негізгі көрсеткіштерді, алдағы жоспарларды жан-жақты талдады.

Осы жиында алдағы жылу беру маусымына дайындық мәселесі қаралды. Облыс әкімі бұл жұмыстар Мемлекет басшысының, Үкіметтің тұрақты бақылауында екенін атап өтіп, жауапты мекемелерге нақты міндеттер жүктеді.

Үкімет басшысы Олжас Бектенов:

ЖАҢҒЫРТУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІНЕ ҚАДАМ БАСТЫҚ

«Бүгін Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы күшіне енді. Бұл – еліміздің алдағы онжылдықтардағы даму бағдарын айқындайтын негізгі құжат. Ата заңның қабылдануы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың басшылығымен жүзеге асырылып жатқан елімізді жаңғыртудың жаңа кезеңін азаматтарымыздың жаппай қолдайтынын анық көрсетті. Жаңа Конституция экономикалық көрсеткіштермен ғана өлшенбейтін озық әрі қарқынды дамудың берік институционалдық негізін қалыптастырады. Президент жандандық өзгерістердің көшін қуып жетумен ғана шектелмей, жаңа экономикалық ахуалды қалыптастыратын белсенді қатысушыға айналуымыз керек екенін атап өтуде».

Үкімет отырысынан

Мәжілістен кейін өткен облыс әкімдігі жиынында осы және өзге де мәселелерге орай бағыт-бағдар белгіленіп, жауапты сала басшыларының баяндамалары тыңдалды.

«Жаңа Конституцияда айқындалған қағидаттар мемлекеттік биліктің барлық тармағының қызметіне тың серпін береді. Мемлекеттік басқарудың басты өлшемі халыққа адал қызмет ету, заң талаптарын мүлтіксіз сақтау болуы тиіс.

Жаңа саяси кезең бізге үлкен жауапкершілік жүктейді. Біздің міндетіміз – жаңа Конституцияның қағидаттарын халықтың күнделікті өмірінде нақты

кезеңіне арналған тапсырмалар жүктегені белгілі. Осы ретте әкімдік жиынында баяндама жасаған барлық сала басшылары осы міндеттерді орындауда атқарылатын істердің басты бағдары туралы баяндады.

Облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Ерлан Төрәлиев Мемлекет басшысының Қазақстанды үлкен құрылыс алаңына айналдыру тапсырмасы өңірдің құрылыс саласының одан әрі өркендеуіне оң әсерін тигізетінін атап өтті. Бұл халыққа қажетті жаңа нысандардың көп көтеруіне, өндірістер мен кәсіпорындар санының көбеюіне,

ШІЛДЕ - ӨЗГЕРІСТЕР АЙЫ

Биылғы жылдың 19 шілдесіне дейін банктер банкаралық бірыңғай QR жүйесіне қосылады;

Осы уақыттан бастап кәсіпкерлердің үлкен тобы тек белгілі бір банктердің QR-кодымен ғана төлем қабылдау құқығынан айырылады. Олар төлемнің барлық форматын – пластикалық карталар мен бірыңғай банкаралық мобильді төлем жүйесін қолдайтын POS-терминалдар орнатуға міндетті.

19 шілдеден бастап қазақстандықтар қай банктің мобильді қосымшасын пайдаланатынына қарамастан, бір ғана QR-код арқылы төлем жасай алады.

Шетелдік интернет-дүкендерден сатып алу ережесі өзгереді. Үшінші елдерден келетін сәлемдемелер үшін жаңа фискалдык тетіктер енгізіліп, олар «электрондық сауда тауарлары» санатына бөлінеді;

Барлық тауарға 16% көлеміндегі өтпелі ҚҚС қолданылады, оны шетелдік алаңдар бірден өнім құнына қосады;

200 еуроға немесе 31 келіге дейінгі жеңілдік лимиті сақталады. Егер тауар бұл межеден асса, 5% бірыңғай баж (бірақ келісіне кемінде 1 еуро) артық сомадан емес, тауардың жалпы құнынан және ұлттық ҚҚС-пен бірге алынады;

Temu, Taobao, Pinduoduo, Amazon, AliExpress-тен келетін барлық сәлемдеме міндетті түрде декларацияланады. Тек ЕАЭО кедендік аумағында орналасқан Wildberries және Ozon тапсырыстары ғана бұл рәсімнен босатылады;

Электромобильдер, мотоциклдер мен яхталарға 15% бекітілген баж енгізіледі. Жеңіл көліктердің баж ескі ережемен, яғни шыққан жылы мен қозғалтқыш көлеміне қарай есептеледі. Коммерциялық тауарлар – солярлық, іштен жану қозғалтқыштары, медициналық жиһаз, ойын автоматтары, қару-жарақ, қауіпті қалдықтар, алкоголь, темекі және қолма-қол ақшаға жеңілдетілген

тәртіппен әкелуге тыйым салынады;

Сауда және өндіріс кәсіпкерлері өз өнімдерін (фотосуреті, сипаттамасы, шыққан тегі, көлемі мен мақсаты көрсетілген) бірыңғай каталогқа енгізуге міндеттеледі. Тұтынушылар ақпаратты QR-код арқылы көре алады. Маркетплейстерге қойылатын талаптар да күшейтіледі.

Ішкі Істер Министрлігінің цифрлық реформасы жүзеге аса бастайды. Шілденің 12-сінен бастап емтиханды автомат қорапты көлікпен тапсырған қазақстандықтар енді заңды түрде, қайта емтихан тапсырмай-ақ механика айдауға көше алады;

Автокөлікті сатып алу-сату мәмілесін ЭЦП көмегімен электрондық үкімет порталында немесе банк қосымшаларында қашықтан ресімдеу мүмкіндігі пайда болады;

Көліктерді полицияның тексеру процесі цифрландырылады. Инспекторлар VIN-кодтарды фотоға түсіреді, ал электронды тексеру актісі 14 күнтізбелік күн бойы жарамды болады.

Шілденің алғашқы күнінен бастап жаңа құрылыс кодексі күшіне енеді. Құжат құрылыс талаптарын қатайтады: Сейсмостұрақтылық міндетті сынақтар енгізіледі, eGov-та жоқ құрылыс компанияларының реестрі пайда болады және инженерлердің жеке жауапкершілігі бекітіледі. Тұрғын үйлердің минималды көпшілік мерзімі 5 жылға дейін, ал іргетасы мен жүк көтерігіш конструкцияларына көпшілік мерзімі 10 жылға дейін ұзартылады. Нысаналы құрылыс шетелдік, ержей-тегжейлі жоспарлау жобаларын 2 жылда бір реттен жиі өзгертуге тыйым салынады.

Жаңа кодекске сәйкес, лицензиясы бар құрылыс компанияларының электрондық тізімі жасалады. Сонымен қатар жосықсыз құрылыс компанияларының реестрі eGov порталында ашық жарияланып, азаматтар құрылыс салушы туралы ақпаратты алдын ала тексере алады.

1 шілдеден бастап күшіне енетін ережелер: Іргелес аумақ; гимараттан, қоршаудан немесе сауда нысанынан сыртқа қарай 5 метрлік радиустағы аумақты үй иелері мен жалға алушылар өз қаражаты есебінен тазалап, тәртіпте ұстауға міндетті. Тексерісті жергілікті органдар жүргізеді, әсіресе жеке сектордағы үйлер мен қоршаулардың сыртың келбеті бақыланады. Ережені бұзғандарға алдымен ескерту беріледі, ал талап орындалмаса 20 АЕК, бір жыл ішінде қайталанса 30 АЕК көлемінде айыппұл салынады;

Үй жануарларының нәжістерін иелері тазалауға міндетті. Тек арнайы тақтайшасы бар аумақтарда ғана серуендеуге рұқсат етіледі;

Аулада көлік қоюға тыйым салынады, тротуарларға, балалар мен спорт алаңдарына, жасыл желектер мен газондарға, қоқыс контейнерлері алаңына және арнайы тұраққа арналмаған орындарға көлік қоюға тыйым салынады. Айыппұл көлемі 1,2 млн. теңгеге дейін жетуі мүмкін;

Қар жауа бастағаннан кейін жолдарды тазалау бірден басталуы керек және қар тоқтаған соң 48 сағат ішінде толық аяқталуы тиіс. Шатырлар мен қалқалар айына кемінде 1 рет қар мен мұздан тазаланады. Көшелердегі жұмыс істемейтін шамдар саны 10 пайыздан аспауы керек және олар қатар орналаспауы тиіс.

Тарифтер мен бағаларда өзгерістер бар Пойыздардың үстіңгі және астыңғы орындарына белек тарифі: шілдеден бастап жолаушылар пойызы билеттерінің құны орналасқан сәрсеніне байланысты белек есептеледі. Бұл тарифтік икемділікті арттыру үшін енгізілуде;

Газ саласына инвестиция тарту мақсатында көтерме тауарлық газ бағасын 3 жыл ішінде жыл сайын 33 пайызға кезең-кезеңімен өсіру жоспарлануда. Бұл инфляцияны 0,16% арттырады. Сұйытылған мұнай газының бағасы бұрынғы деңгейде қалады.

Басы - 1 бетте

«СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС»

Халық тілінде жай ғана жемқорлық деп аталатын құбылыс барлық реформалардың тамырына балта шапқанда, оның себебін, қарсы шараларын білу қажет. Сыбайлас жемқорлық деген не? Сыбайлас жемқорлық түсінігіне құқықтық құжаттарда былайша анықтама берілген: «Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттік органдар қызметкерлерінің өзінің қызметтік жағдайын материалдық немесе мүлкілік мақсатта, заңсыз жеке пайда табу мақсатында пайдаланатын әлеуметтік құбылыс». Шын мәнінде, сыбайлас жемқорлық – бұл лауазымды тұлғаның өзінің өкімшілік өкілеттіктері мен құқықтарын заңға және этикаға қайшы, жеке басының пайдасы үшін пайдалануы.

Сыбайлас жемқорлық өте қауіпті жағымсыз әлеуметтік көріністердің бірі болып табылады. Ол экономикалық заңдардың еркін әрекетін біршама деңгейде шектейді және еліміздің әлемдік қоғамдастық алдындағы беделін төмендетеді, еліміз үшін пайдалы шетелдік инвестициялардың жолындағы басты кедергілердің бірі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлықпен байланысты қылмыстар арасындағы қоғамға ең қауіпті де ауыр қылмыстық әрекеттердің бірі ол пара алу қылмысы екені белгілі.

Әрине, жақсы жағдайда, жеткілікті бақауат құмыр бешуді әркімде армандайды. Алайда ондай жағдайға өзге адамдардың есебінен, солардың тіршілігіне қиянат жасау арқылы қол жеткізу - ар алдында арамдық, заң алдында қылмыс болып есептеледі.

Әсіресе, сыбайлас жемқорлық мемлекеттік билік органдарында қауіпті. Бұл жағдайда ол мемлекеттік қызметшілердің шешім қабылдауда беделін түсіретін өкілеттілігінің және қатаң құқықтық есеп берудің, шенеуніктерді қадағалаудың жоқтығынан биліктің монополияға айналуына әкеліп соқтырады. Ол еліміздің, қоғамымыздың және жекелеген азаматтардың мүдделеріне көп зиян келтіреді.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңы ең пәрменді заңдардың бірі болып табылады.

Бұл заң жоғары маңызға ие болып, мемлекеттік қызметшінің күнделікті пайдаланатын оқу құралына айналып отыр.

Заңның ең басты құндылығы, ол азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіптен сақтауға, сондай-ақ жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, тыю және ашу жолында мемлекеттік органдардың қызметін қамтамасыз етуге бағытталған.

Барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар өз құзыреттері шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті.

Өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын анықтау, алдын-алу және оны жасаған кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке тарту прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, салық, кеден және шекаралық қызмет, қаржы және әскери полициясы органдарымен жүзеге асырылады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы ауызша хабарламалар мен жазбаша арыздар қылмыстың жасалу орны мен уақытына қарамастан құқық қорғау органдарында тәулік бойы қабылданады.

Алайда сыбайлас жемқорлықпен күресу мәселесі тек құқық қорғау органдары қызметкерлерімен шешіле салатын проблема емесігіне

көпшіліктің көзі жетті. Сондықтан, бұл жағдайға әрбір азаматтың саналы көзқарасын баға беріп, кез келген заңсыздық, құқық бұзушылық әрекеттерді тиісті орындарға жасаймай хабарлап, оған мезгілінен заңды түрде тойтарыс берілуіне септігін тигізуі қалыпты қажеттілікке айналуы тиіс.

А. САРБАСОВА.

«Ортақшыл ауылдық округі өкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жетекші маманы

ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ

Қызылорда облыстық сотының ұйымдастыруымен әкімшілік әділет институтының 5 жылдығына арналған «Әкімшілік әділет - мемлекет пен қоғам арасындағы тиімді диалогтың кепілі» тақырыбында ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Шараға Қызылорда облысының әкімі М.Ерғешбаев, Қызылорда облыстық сотының төрағасы Ә.Шығамбаев, облыс прокуроры Р.Ожаров, сот жүйесінің өкілдері, ғалымдар мен мемлекеттік органдардың қызметкерлері қатысты.

Конференция барысында облыс әкімі М.Ерғешбаев әкімшілік соттар мен Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексі жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың тетігіне айналғанын атап өтті. Қызылорда облыстық сотының төрағасы Ә.Шығамбаев өз сөзінде әкімшілік әділет институтының ерекшеліктері мен маңыздылығына тоқталды.

Конференция барысында облыс прокуроры Р.Ожаров, облыстық мамандандырылған

ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы Г.Мырзатаева, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Экономика және құқық институтының директоры, PhD, философия ғылымдарының докторы А.Исаева баяндама жасап, әкімшілік әділеттің маңыздылығына, әкімшілік сот ісін жүргізудегі соттың белсенді рөл қағидаты мәселелеріне тоқталып өтті.

Шара аясында Қызылорда облыстық сотының әкімшілік істері жөніндегі сот алқасының судьялары Ш.Маликова, К.Қаниева, Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы А.Сарсенбаев, Жаңақорған аудандық сотының судьясы Э.Рысқұлов, Шіелі аудандық сотының судьясы Ж.Сарбасова, Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты әкімшісінің басшысы Г.Каликова алғыс хаттармен марапатталды.

Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі

СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлқы қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-Ү «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес «Қызылорда қаласының Қарауылтөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 8 (7242) 21-33-21 «Сенім телефон» жұмыс жасайтынын және Қарауылтөбе ауылдық округі әкімінен азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдау әр аптаның сәрсенбі күні сағат 15.00-ден 19.00-ге дейін жүргізілетіндігін хабарлайды.

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 29 декабря 2015 года №153 «О мерах по дальнейшему совершенствованию этических норм и правил поведения государственных служащих Республики Казахстан» и Законом Республики Казахстан от 18 ноября 2015 года №410-Ү «О противодействии коррупции» сообщаем, что, в коммунальном государственном учреждении «Аппарат акима сельского округа Карауылтөбе города Кызылорды» работает «Телефон доверия» 8 (7242) 21-33-21 и прием граждан по личным вопросам Акимом сельского округа Карауылтөбе проводится каждую среду недели с 15.00 до 19.00 часов.

Қазақстан Республикасы Президентінің 29.12.2015 жылғы №153 «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлқы қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығына және Қазақстан Республикасының 18.11.2015 жылғы №410-Ү «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдау күнделікті сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, үзіліс уақыты 13.00-ден 15.00-ге дейін және 8(7242)40-04-84 сенім телефоны жұмыс істейтінін хабарлайды.

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 29.12.2015 года №153 «О мерах по дальнейшему совершенствованию этических норм и правил поведения государственных служащих Республики Казахстан» и Законом Республики Казахстан от 18.11.2015 года №410-Ү «О противодействии коррупции» прием граждан по личным вопросам в отделе занятости и социальных программ города Кызылорда ежедневно с 9.00 до 19.00 часов, время перерыва с 13.00 до 15.00 и телефон доверия 8(7242)40-04-84.

МАҚСАТ – «ТІЛСІЗ ЖАУДЫҢ» АЛДЫН-АЛУ

Ауданның орман және жануарлар дүниесін қорғау – маңызды міндет. Олар біздің басты байлығымыз. Басқаны былай қойғанда орманның адамның денсаулығы, игілігі үшін атқаратын жұмысы ұшан теңіз. Сондықтан, орманды әсіресе, көктем кезінде өрттен қорғаудың, оның алдын-алудың маңызы зор.

Биылғы жылы бұл игілікті іс-шара мамыр айына тура келді. «Сырдария орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» директоры Б.Ұлтанбекұлы қашанда орман өртінің алдын алуға тастүйін дайындықта болып, «тілсіз жауға» тосқауыл танытады. Аталмыш оқу-жаттығу жұмысын «Сырдария орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі», аудандық №12 ӨСБ, аудандық ТЖБ-мен бірлесіп ұйымдастырды. Ол даbla алқаптарындағы өрттің алдын-алу және болдырмау, табиғатты қорғау мақсатында Тереңөзек-Шаған тасжолының маңайында өткізілді. Сондай-ақ аудандық қоғамдық даму бөлімінен және аудандық полиция бөлімінен өкілдер

шақырылды.

Техникалардан арнаулы өрт сөндіру көлігі, Газель автокөлігі, Лютонг тракторы соқсасымен, НИВА автокөлігі, Тракторлар арнайы итермелі қалқаншасымен қатысты.

Оқу-жаттығу жұмысы белгіленген нормативке сәйкес өткізілді. Қойылған өрт бірлесіп сөндірілді. Оқу-жаттығу жұмысындағы бірлесіп жасалған іс-қимылдар бейнетаспаға түсіріліп, облыстық телеарнадан «Қоғам ТВ» бағдарламасында көрсетілді.

Оқу-жаттығу жұмысы аяқталған соң қорытынды жасалып, «Сырдария орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі», аудандық ТЖБ және №12 ӨСБ-нің басшылары «жұмыла өткендер жүк жеңіл» дегендей оқу-жаттығудың ойдағыдай өткендігін хабарлап, қатысушыларға алғыс айтты.

Б.АЛПАЗОВ

Сырдария орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің аға өрт сөндірушісі

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ ӨТТІ

2026 жылғы 26 маусымда ««БЖЗҚ» АҚ-ның цифрлық қызметтері. Қор қызметтерін алу кезінде алаяқтардан және жалған делдалдардан дербес деректерді қорғау» тақырыбында «БЖЗҚ» АҚ-ның ұйымдастыруымен кезекті Ашық есік күні өтті.

«БЖЗҚ» АҚ цифрлық форматта қызметтердің кең шоғырын ұсынады және салымшылар мен алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, қызметтерді үнемі жетілдіріп отырады. Онлайн-сервистер азаматтарға өздерінің зейнетақы жинақтары туралы қажетті ақпаратты жедел алуға және қаржылық болашағын жоспарлау кезінде неғұрлым саналы шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Сайт және мобильді қосымша арқылы қызметтердің тәулік бойы қолжетімділігі Қормен өзара іс-қимылды барынша ыңғайлы етеді және азаматтардың зейнетақымен қамсыздандыру мәселелеріне қызығушылығын арттыруға ықпал етеді.

Қордың негізгі цифрлық құралдарының қатарында:

Қордың электрондық қызметтеріне толық қолжетімділікті қамтамасыз ететін БЖЗҚ-ның ресми сайтындағы етек кабинет және БЖЗҚ-ның мобильді қосымшасы;

«Зейнетақы калькуляторы» және «Жеке зейнетақы жоспары», бұл құралдардың көмегімен сіз болашақ зейнетақыңызды алдын ала есептеп, оны ұлғайту жоспарын құра аласыз;

Құжаттарды алдын ала тексеруді, электрондық поштаға үзінді көшірмелерді алуды, Қор кеңселеріне бару уақытын брондауды және т. б. қоса

алғанда, сайтта қызметтерді ресімдеу бойынша онлайн-сервистер.

Кездесуге қатысушыларға БЖЗҚ-ның цифрлық сервистері, оның ішінде ресми сайт, мобильді қосымша, Telegram-бот және халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған Қордың ақпараттық ресурстары туралы, сондай-ақ Байланыс орталығы, сайт, мессенджерлер, әлеуметтік желілер және басқа да байланыс арналары арқылы кері байланыс жасау мүмкіндіктері туралы толық ақпарат берілді.

Бүгінгі күні БЖЗҚ-ның цифрлық экожүйесі салымшылармен және алушылармен өзара іс-қимыл жасаудың негізгі арнасы болып табылады. Сайтты және мобильді қосымшадағы жеке кабинет арқылы пайдаланушылар жеке зейнетақы шоттарынан үзінді көшірмелер ала алады, деректемелерге өзгерістер енгізе алады, шоттардың болуы туралы анықтамалар ала алады, зейнетақы төлемдерінің жекелеген түрлеріне өтініш бере алады, өтініштердің мәртебесін қадағалай алады, зейнетақы жинақтарының бір бөлігін инвестициялық портфельді басқарушының (ИПБ) сенімгерлік басқаруына аудару алады, сондай-ақ «Зейнетақы калькуляторы» және «Жеке зейнетақы жоспары» сервистерін пайдалана алады.

Электрондық қызметтерге сұраныстың артып келе жатқаны атап өтілді. 2026 жылдың 4 айында БЖЗҚ көрсеткен 21,5 млн қызметтің 21,1 млн қызметі электрондық және автоматты форматта ұсынылды. Осылайша қашықтан қызмет көрсету үлесі олардың жалпы

санының 98,8%-н құрады.

Іс-шараның жеке блогы ақпараттық қауіпсіздік және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне арналды. БЖЗҚ мамандары азаматтар кездестіріп жүрген алдаудың неғұрлым кең таралған схемалары туралы, соның ішінде алаяқтардың өздерін мемлекеттік ұйымдардың, медициналық мекемелердің немесе Қордың қызметкерлеріміз деп таныстыратын және әр түрлі сылтаулармен растаудың SMS-кодтарын алуға және дербес деректерге қол жеткізуге тырысатын жағдайлары туралы айтып берді.

Қатысушыларға БЖЗҚ-ның тегін және делдалсыз қызмет көрсететінін еске салды. Қор қызметкерлері телефон, электрондық пошта немесе мессенджерлер арқылы SMS-кодтарды, парольдерді, банк карталарының деректемелерін және өзге де конфиденциалды мәліметтерді сұратпайды.

Кездесу барысында дербес деректерді қорғау және қаржылық қауіпсіздік бойынша практикалық ұсынымдар берілді. Мамандар азаматтарды растау кодтары мен дербес ақпаратты бөгде адамдарға бермеуге, мәліметтерді тек ресми байланыс арналары арқылы тексеруге және алаяқтыққа күдік туындаған кезде құқық қорғау органдарына дереу жүгінуге шақырды.

Іс-шара соңында қатысушылар БЖЗҚ-ның зейнетақымен қамсыздандыру және цифрлық сервистерін пайдалану мәселелері бойынша қызықтыған сұрақтарына жауаптар мен жеке кеңес алды.

МЕНШІК ИЕСІ:

«Желтоқсан и К» ЖШС

Бас редактор

Сәрсенкүл Бәйдешқызы
БИҚОЖАЕВА

Бас редактордың орынбасары

Айдана ӘЛИАРЫСТАН

Редакцияның мекен-жайы:

Қызылорда қаласы
Абай даңғылы, 59/1

Телефон: 23-16-08
23-16-11

(E-mail: a_akshamy@mail.ru)

Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп

№14611-Г «7» қараша

2014 жылы куәлігі берілген.

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі

№1026-Г - 11.01.2000 ж

Газет аптасына бір рет жарық көреді

ТАРАЛЫМЫ: 4000

Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49

Таралу аумағы:

Қазақстан Республикасы

Тапсырыс

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.

Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Сурет сапасына редакция жауап бермейді

ЖАҢА КЕЗЕҢ – ЖАҢА МҮМКІНДІК

МӘЖІЛІС ПЕН СЕНАТҚА РИЗАМЫЗ



- Мен Парламенттегі қайнаған еңбектің, онда қабылданған әрбір заңның Тәуелсіз еліміздің келешегі үшін қаншалықты маңызды екенін жақсы түсінемін. Осы тарихи сәтке орай, ұлт мүддесін бәрінен биік қойып, елге мінсіз әрі адал қызмет еткені үшін барлық шақырылымдағы Мәжіліс пен Сенат депутаттарына шынайы ризашылығымды білдіремін.

- Әсіресе, Парламенттің қазіргі құрамына, яғни сіздерге алғысым зор. Бұл шақырылымды Қазақстанның жаңа тарихындағы ең мықты құрамның бірі деп сеніммен айтамын. Себебі сіздер мемлекетіміздің дамуындағы өте күрделі және шешуші кезеңде жұмыс істедіңіздер. Баршаңыз ел өмірінде болып жатқан ауқымды өзгерістердің бастауында тұрдыңыздар. Қаншалықты қиын болса да, түбегейлі өзгерістерді жүзеге асыру жолында табанды еңбек еттіңіздер. Сын сағатта жауапкершіліктен жалтармай, мемлекетіміз үшін аса қажетті реформаларды жүргізуге ұйытқы болдыңыздар.

- Тек кейінгі үш жылдың өзінде 300-ден астам өте маңызды заң қабылданды. Олардың қатарында еліміздің алдағы биік белестерінің сенімді арқауы болатын, тарихи мәні зор конституциялық заңдар мен кодекстер бар. Біз біртұтас ұлт болып

мемлекетімізді түбегейлі жаңғырту ісін қолға алдық. Экономикадан бастап қоғамдық құндылықтар жүйесіне дейін – ел өмірінің барлық саласында ауқымды өзгерістер жасалды. Әрине, дәуірлік ауқымдағы мұндай реформалардың бел ортасында жүру – зор мәртебе әрі үлкен жауапкершілік.

Осы тұрғыдан алғанда, сіздер өздеріңізге жүктелген міндетті абыроймен атқарып шықтыңыздар. Әділетті әрі Қуатты Қазақстанды құру үшін қажырлы еңбек еттіңіздер. Сіздердің табанды, мардымды еңбектеріңіз еліміздің жылнамасында қалатынына күмән болмауы керек. Дегенмен уақыт бір орында тұрмайды, зымырап өтіп жатыр. Көз ілеспес жылдамдықпен өзгеріп жатқан қазіргі кезеңде шын мәнінде жанаңшыл әрі батыл қадамдар жасалуға тиіс. Осы өзекті мәселені мен бұрын да бірнеше рет айтқам. Бұл – заман талабы.

Әлгіде айттып өткенімдей, осы шақырылымдағы Парламент депутаттары заң шығару ісінде сапалы жұмыс атқаруымен есте қалады. Депутаттар корпусы өз қызметінде бұрын-соңды болмаған нәтиже көрсетті. Сіздер Әділетті Қазақстанның негізін қалау үдерісіне, сондай-ақ Конституцияны әзірлеп,

қабылдауға зор үлес қостыңыздар. Кез келген депутат саясаткерлер мен қоғам қайраткерлерінің келесі буынына, балалары мен немерелеріне: «Мен 2026 жылы қабылданған Конституцияны дайындауға тікелей қатысқанмын» деп еш ұялмай айта алады.

Жалпы, депутаттықкорпуспарламенттік реформаны толық қолдады. Сол арқылы саяси және азаматтық жауапкершілік танытып, ұлт мүддесі бәрінен биік тұратынын бүкіл әлемге паш етті. Осында отырған біраз депутат Конституциялық комиссия құрамында болды. Сіздер азаматтармен кездесіп, мемлекетіміздің тұрпатын өзгертетін, экономикалық әлеуетін күшейтетін реформалардың маңызын жұртшылыққа жан-жақты түсіндіріп бердіңіздер.

Сіздер жалпыхалықтық референдумда Ата заңымыз қабылданған соң мемлекетіміздің құқықтық жүйесін жедел әрі сапалы жаңарту жұмысын жүргіздіңіздер. Өте қысқа мерзімде еліміздің заңнамасын жаңа Конституция нормаларына сай өзгерту жұмысын атқардыңыздар. Атап айтқанда, Парламент 9 заң топтамасын, соның ішінде 6 конституциялық заңды шұғыл әзірлеп, қабылдады. Нәтижесінде мемлекеттік биліктің «Күшті Президент – ықпалды Құрылтай – есеп беретін Үкімет» деген базалық формуласы толыққанды институционалдық мәнге ие болды.

Жалпы, Парламент Үкіметпен және Ұлттық банкпен бірлесіп, тиімді жұмыс атқарды. Қазіргі таңдағы ең өзекті мәселе – Ұлттық банктің негізгі пайыздық ставкасы. Бұл мәселені пайымдап шешу керек. Өздеріңіз қабылдаған Бюджет және Салық кодекстеріне сәйкес еліміздің экономикалық жүйесі толығымен қайта жаңғырды және мемлекет қаржысын басқаруға қатысты ұстаным түбегейлі өзгерді. Осылайша, Қазақстан экономикасының жаңа келбетіне кең ашуға қажетті негіз қалыптасты.

Сіздерді тыннан түрен салып, цифрлық дәуірге жол ашқан депутаттар деуге болады. Біздің елімізде болсын, әлемде болсын – жалпы еш жерде жасанды интеллектіңіз заң тұрғысынан реттейтін дайын үлгі немесе тәсіл болған жоқ. Соған қарамастан, сіздер еліміздің осы саладағы өсіп-өркендеуіне берік негіз болатын тиімді құқықтық

жүйені құруға елеулі үлес қостыңыздар. Мен Мемлекет басшысы ретінде мұны жоғары бағалаймын.

Сонымен қатар қоғамға қызмет ету жолын таңдағандардың алаңсыз еңбек етуіне лайықты жағдай жасап жатырмыз. Нақты қадамдар арқылы ұстаздар мен дәрігерлердің беделін арттыра береміз. Мұғалімдердің, медициналық және әлеуметтік қызметкерлердің жалақысы кезең-кезеңімен көтеріліп келеді. Соңғы үш жылда 1,2 миллионнан астам адамның еңбекақысы 50 пайыздан 100 пайызға дейін артты.

Қазақстанда атаулы әлеуметтік көмектің көп деңгейлі жүйесі жолға қойылған. Бұл көмек шын мұқтаж адамдарға берілуге тиіс. Көмек «Отбасының цифрлық картасы» технологиялық шешімі арқылы көрсетіледі.

Парламент депутаттарының табандылығы арқасында зиянды өндірісте еңбек ететіндердің мәселесі шешілді. Бұл жиі көтеріліп, әбден жауыр болған түйткіл еді. Енді өндіріс еңбеккерлері арнайы әлеуметтік төлем алуға, 55 жастан бастап зейнетке шыққанға дейін жеңілдік жұмысқа ауысуға заң жүзінде қақылды.

Әйелдер мен балалардың құқығын қорғауға, халықтың шамадан тыс кредит алуын азайтуға, ойынкүмарлыққа, есірткі қолдануына және кибералақтыққа қарсы күрес шараларына қатысты қабылданған заңнамалық шешімдеріңіз жұртшылықтың кең қолдауына ие болды.

Жалпы, мемлекет руханият саласын дамытуға әрдайым баса назар аударып келеді. Бұл тағлымды іске депутаттар корпусы – сіздер де зор үлес қостыңыздар. Әрине, сіздер атқарған ауқымды жұмыстың мән-маңызын бір ғана жиынның аясында жеткізу мүмкін емес.

Парламент мен атап өткен заңнамалық жұмыстан бөлек, көптеген өзекті мәселені айрықша назарда ұстады. Сегізінші шақырылым депутаттары Үкіметке 2 мыңнан астам сауал жолдады. Сондай-ақ 31 Үкімет сағатын және 9 Парламент тыңдауын өткізді. Қос палатаның коми-

теттері белсенді әрі жемісті жұмыс істеді.

Бір палаталы Құрылтай жүйесіне көшкен соң заң шығарушы органның комитеттері де мемлекет саясатының басым бағыттарын негізге ала отырып, құрылғаны жөн. Осы жылдар ішінде депутаттық корпус азаматтармен ашық әрі тиімді байланыс жүйесін қалыптастырды. Атап айтқанда, партия жобаларын табысты жүзеге асырды. Сондай-ақ тұрақты түрде аймақтарға барып, жұртшылықпен кездесіп отырды. Қоғамдық қабылдаулар кезінде азаматтардың талап-тілектерін назарға алып, өзекті мәселелердің шешім табуына ықпал етті.

Парламент беделді ғалымдарды, байыпты сарапшыларды және қоғам белсенділерін ортақ мүддеге біріктірген орталыққа айналды. Сенат жанындағы сарапшылар клубы мен Мәжіліс жанындағы қоғамдық палата осы бірегей зияткерлік эхожүйенің берік тірегі болды. Бұл құрылымдар сындарлы диалогті дамытып, заң жобаларын жан-жақты талдауға жол ашты.

«Адал азамат» тұжырымдамасы мен «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы қоғамда жаңа этикалық қалыптастыруға арқау болды. Депутаттар осы жалпыұлттық бастамалардың мән-маңызын халыққа түсіндіруге және іске асыруға белсене атсалысты. Парламенттің қажырлы қызметінің арқасында «Заң мен тәртіп» қағидаты мемлекет саясатында түбегейлі орнығып, ұлт болмысының ажырамас бөлігіне айнала бастады.

Сонымен қатар Парламент депутаттары Қазақстанның халықаралық беделін нығайтуға елеулі үлес қосты. Сол арқылы еліміздің жауапты әрі ықпалды «орта держава» ретіндегі ролі күшейе түрді. Депутаттар парламентаралық ассамблеялардың, шетелдік сапарлар мен форумдар аясында ителдік әріптестерімен және жаһандық институттармен сенімді әрі нәтижелі байланыс орнатты. Осы тұста Әлемдік және дәстүрлі діндер съезінің жұмысын айрықша атап өту қажет. Беделді диалог алаңының хатшылығы ұзақ жыл бойы Сенат аясында табысты жұмыс істеп келді.

ПАРЛАМЕНТ ҚАНДАЙ БОЛДЫ?

- Осыдан отыз жылдан астам уақыт бұрын елімізде тұңғыш кәсіби Парламент құрылды. Мүдде және институционалдық үлгіге көшкен заң шығарушы орган мемлекеттімізді нығайтуға елеулі үлес қосты, сондай-ақ еліміздің құқықтық негізін қалыптастыру және нарықтық экономиканы орнықтыру ісінде маңызды рөл атқарды.

- Қысқаша айтсақ, отыз жылдың ішінде 3,5 мыңға жуық аса қажетті заң қабылданды. Ал әрбір оныншы заңға депутаттар өздері бастамашы болды. Заң шығару жүйесінің қайнар бастауында бүкіл халқымызға және халықаралық қауымдастыққа танымал саясаткерлеріміз, көрнекті мемлекет қайраткерлері, белгілі қоғам қайраткерлері тұрды. Олардың жемісті еңбегі Парламент тарихында өшпес із қалдырды.

ЖАҢА ҮКІМЕТ МІНДЕТІ ҚАНДАЙ?

Халықаралық ахуал уақыт өткен сайын күрделеніп, құбылып, тұрақсыздық белең алғанын көріп, біліп отырсыздар. Бұл жағдай жаһандық экономикаға орасан зардабын тигізіп жатыр. Халықаралық валюта қоры мен Біріккен Ұлттар Ұйымының құзырлы агенттіктерінің болжамы бойынша алдағы екі жылда әлем қауымдастығы, соның ішінде жекелеген мемлекеттер экономикалық жоспарларын жүзеге асыру кезінде елеулі қиындыққа тап болуы мүмкін.

Бірақ енесін түсіріп, үрейге бой алдыруға болмайды. Үкімет елдің орнықты дамуын қамтамасыз ету үшін барынша белсенді және ширақ жұмыс істеуге тиіс. Инфляцияны тежеп, оны мейлінше төмен деңгейге жеткізген жөн, сондай-ақ экономиканың қарқынды төмендетпей, керісінше, оның көрсеткіштерін ұлғайту қажет.

Бәріңізге белгілі, ертең мемлекеттік басқару жүйесін түбегейлі жаңғырту жұмысы ресми түрде бастау алады. Мұны кезекті әкімшілік реформа деп түсінуге болмайды. Себебі, бұл – еліміз үшін мүдде жаңа тарихи кезең басталады, яғни мақсаты да, мағынасы да мүлде бөлек, бұрын-соңды болмаған өзгерістер іске асыды деген сөз. Басқаша айтсақ, біз қазақ мемлекеттігінің «ғимаратына» күрделі жөндеу жүргізуді көздеп отырмыз.

ХАЛЫҚ КЕҢЕСІ – ДИАЛОГ АЛАҢЫ

Шын мәнінде, тиімді жұмыс істейтін қоғамдық институттары болса ғана, Озық және Әділетті мемлекет қалыптасады. Сол себепті, мен жаңа конституциялық орган – Қазақстан Халық Кеңесін құруды ұсындым. Қазақстан Халық Кеңесі мәслихаттардың, қоғамдық кеңестердің, сарапшылар алаңы мен азаматтық қоғам ұйымдары өкілдерінің басын біріктіреді. Бұрын Қазақстан халқы ассамблеясына тиесілі болған қызметтік міндеттер енді Халық Кеңесіне өтеді. Осылайша, құрылым форматы өзгергенімен, жалпыұлттық бірлігіміздің мәні ішкі саясатымыздың маңызды бағыты ретінде сақталады.

Халық Кеңесі – тарихымызда алғаш рет конституциялық деңгейде

Қажырлы қызмет халқымыздың жадында мәңгі сақталып қаларына күмән жоқ.

- Парламент әрдайым уақыт талабына тез бейімделіп, қоғам сұранысына лайықты жауап бере алатын жасампаз құрылым болды. Парламент – мемлекетіміздің басты өкілді органы, қоғамның түрлі саласындағы кәсіби мамандарды бір мақсатқа тоғыстырды. Елімізде саяси және заңнамалық тұрғыдан сапасы жоғары парламенттік мәдениет қалыптасты. Бұл – Қазақстанды дамыған ел ретінде айқындайтын ең маңызды көрсеткіштің бірі. Түптеп келгенде, Парламенттің әрбір шақырылымы Қазақстанның алға қарай нық сеніммен қалам басуына зор серпін берді, басқаша айтсақ, ұлтжымыздың эволюциялық өрлеу жолының жарқын үлгісіне айналды.

Президент – мемлекеттің ең жоғары лауазымды тұлғасы

Жаңарған билік тармақтарының теңгерімді жүйесінде Президент Тәуелсіздік пен мемлекет тұтастығының символы, Конституцияны және азаматтардың заңды құқықтары мен бостандықтарын сақтаудың кепілі ретінде бұрынғыдай басты рөл атқарады.

Қазақстан президенттік республика болып қала береді. Мұны түсіну, ескеру өте маңызды. Яғни Президент – мемлекеттің ең жоғары лауазымды тұлғасы, Қарулы күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы, Барлық құқық қорғау органдарының басшыларын тағайындайды, елдің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайды, Қазақстан атынан халықаралық аренада өкілдік етеді.

лер бойынша үш рет жалпыұлттық референдум өтті.

Бұл орайда менің ұстанымым бұрынғыдай: елдегі өзгерістердің несі халық болуға тиіс. Алайда билік нақты бастамалар көтере алады әрі солай болуы керек. Қазірдің өзінде елімізде жүзеге асырылған реформалар билік институттарының орнықты теже-мелік және теңгерім жүйесін қалыптастырды, мемлекеттік басқару сапасын арттырды деп сеніммен айта аламыз. Ал реформалардың басты мақсаты – халықтың әл-ауқатын арттыру, өңір тұрғындарының тұрмыс сапасын жақсарту. Бұл үшін Үкімет, заң шығарушы орган, тұтас қоғам жұмыла еңбек етуі қажет.

ҚҰРЫЛТАЙ ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?

Сонымен қатар жаңғырту жұмыстары парламенттік жүйені одан әрі трансформациялау тетіктерін де қарастырады. Құрылтайдың алдында барлық бюрократиялық рәсім түріндегі кедергілерді жою, заң шығару ісінң жеделдігі мен сапасын арттыру, білікті сарапшылардың және консультанттардың қызметін тиімді ұйымдастыру міндеті тұр.

Жаппай цифрландыру және жасанды интеллект дәуірінде Құрылтайға ұлттық заңнаманы тез өзгеріп жатқан цифрлық матрица жағдайына шұғыл бейімдеу үшін қарқынды жұмыс істеуге тура келеді. Бұл – өте маңызды. Қазақстанның жаһандық бәсекеге қаншалықты дайын екені осыдан көрінеді.

Құрылтай технологиялық прогрестің жетекші факторы болады деп үміттенемін.

Бытыр қазан айында өткен Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобының алғашқы отырысында мен толыққанды e-Parlament жүйесін енгізу мәселесін көтерген едім. Қазақстан e-Government, яғни Электрондық үкіметтің даму деңгейі бойынша жаһандық рейтингте әлемдегі үздік 25 елдің қатарына кірді. Енді Электрондық Парламентті қалыптастыруға және дамытуға көп күш-жігер жұмсауымыз қажет.

Жаңадан сайланған депутаттар заң шығару ісінде болжамды сараптамаға, Үлкен дерекқорды басқару арқылы кез келген шешімнің экономикалық салдары мен әлеуметтік тәуекелдерін модельдеуге баса мән беруі керек. Маңызды заң жобаларын сарапшылармен және жауапты қоғам белсенділерімен бірге талқылаған жөн. Цифрлық құралдарды пайдалану қажет. Бұл пікірталасқа қатысушылар санын көбейтіп, мәселені нағыз қоғамдық талқыға салуға мүмкіндік береді.

Құрылтай жалпыұлттық деңгейдегі ашық диалог алаңы ретінде қызмет етіп, қоғамды толғандырған өзекті мәселелерге дер кезінде назар аударуы қажет. Бұл – азаматтардың дәйекті өтініштері міндетті түрде ескеріліп, нақты нормативтік-құқықтық актілерді қабылдау арқылы мемлекеттік мекемелерге тиісті тапсырмалар берілуі керек деген сөз.

Құрылтай басты заң шығарушы орган ретінде барлық бағыт бойынша сабақтастықты және институционалдық дәстүрді сақтап, жылдар бойы қалыптасқан бірегей парламенттік мәдениетті жоғалтпай, оны одан әрі дамытуға баса мән беруге тиіс. Еліміздің жоғары өкілді органы – Құрылтайдың негізгі мақсаты –

баршаға бірдей мүмкіндік беретін Әділетті Қазақстанды құру ісіне атсалысу және осы бағытта белсенді жұмыс істеу. Бір палаталы өкілді орган өзінің заңнамалық миссиясын табысты орындай отырып, қоғамда Заң мен Тәртіп, Еңбексүйгіштік, Тазалық, Қоршаған ортаны қорғау сынды мығамас құндылықтарды орнықтыра түсуге барынша ықпал етеді деп сенемін.

Құрылтай – жаңа тұрпатты Қазақстанның маңызды символы. Сондықтан оның құрамына нағыз отанышыл, бастамашыл әрі мемлекетшіл тұлғалар, яғни тек үздіктер ғана кіруі керек. Себебі халық реформалардың қаншалықты нәтижелі болғанын дәл осы Құрылтайдың қызметіне қарап бағалайды. Осындай маңызды сәтте мен тағы бір мәрте Сенат пен Мәжілістің басшылығына және депутаттарына шынайы ризашылығымды білдіремін. Себебі сіздер мемлекетіміздің игілігі үшін адал әрі қажырлы еңбек еттіңіздер. Жұрттың мұн-мұқтажын бағыл көтеріп, ұлт мүддесін бәрінен биік қоя білдіңіздер.

Жаңа кезең – жаңа мүмкіндіктер уақыты. Депутаттардың бірқатары Құрылтайға өтіп, ел игілігі жолында еңбек ете береді деп ойлаймын. Қазақстан Халық Кеңесінде де өздеріңіз секілді билікті азаматтар болуы керек деп санаймын.

МАҢЫЗДЫ ҮШТАҒАН

Экономиканың жаңа үлгісіне көшу үшін алдымен энергетикалық, инженерлік және көлік-логистикалық инфрақұрылымды толыққанды дамыту қажет. Бұл маңызды үштаған кез келген елдің, соның ішінде Қазақстанның да негізгі тірегі саналады. Сондықтан біз энергетикалық және коммуналдық салаларды жан-жақты жаңғырту жұмысын қолға алдық. Осы мақсатта бұрын-соңды болмаған ауқымдағы Ұлттық жобаны іске асыру туралы шешім қабылданды. Оны жүзеге асыру үшін тек биылдың өзінде 1 триллион теңгеден астам қаржы бөлу жоспарланып отыр.

Артық шығынға әкеп соғатын тиімсіз «өрлеу, яғни жөндеу» тәсілінен бас тартып, өмір сүру сапасына

тікелей әсер ететін барлық нысандар мен жүйелерді түбегейлі жаңғырту жұмысы жүргізілетін болды.

Қазақстанның энергетикалық балансында көмір, мұнай, газ секілді отын түрлері басым. Көмірсутегі ұлттық экономиканың негізін құрап, бюджетке валюталық түсімнің қомақты бөлігін қамтамасыз етеді. Мұнай-газ шикізаты – экспорттан пайда әкелуімен қатар қалаларымыз бен ауылдарымызды қамтамасыз ететін бағасы қолжетімді жылу мен қуат көзі. Сондықтан біз елді мекендерге газ құбырын тартуды жеделдетуді жоспарлап отырмыз. Көгілдір отынмен қамту көрсеткішін (қазір 65 пайызға жуық) 80 пайызға дейін арттыру міндеті қойылды.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМНІҢ ЖАҢА МОДЕЛІ

Мен мамыр айында қол қойған «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» Конституциялық заңның маңызы зор. Аталған заң шетелдік және отандық бизнес үшін тың мүмкіндіктерге жол ашады. Сондықтан бұл бірегей заңнамалық

актінің әлеуетін дұрыс пайдаланған жөн. Дамуы қарқынды цифрлық мегаполистер, инновациялық кластерлер және өнімділігі жоғары индустрия қалыптасуы Қазақстанды Еуразиядағы технологиялық тұрғыдан

өркендеген іскерлік хабқа айналдыруды көздейді. Кең байтақ өңірімізде бұрын-соңды болмаған бұл жоба табысты іске асқан жағдайда (Ал біз мұны сәтті жүзеге асыруға міндеттіміз), орнықты экономикалық өсіміңіз мүлдем жаңа модель пайда болады.

БАБЫ БАР “БЕСАРЫҚ”



Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев Сырдария ауданына жұмыс сапары барысында Бесарық ауылдағы №12 аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің жұмысымен танысты. Спорт кешенінде дзюдо, бокс және таэквондо үйірмелері жұмыс істейді. Қазір мұнда 180 адам спортпен тұрақты шұғылданады. Мекемеде 18 қызметкер еңбек етеді.

Одан кейін аймақ басшысы ауылдың орталық алаңында тұрғындармен кездесіп, шағын өндірістік орталық пен ауылдық Мәдениет үйінің жұмысын көрді. Жұртшылықтың ұсыныс-пікірлерін тыңдап, Бесарық ауылын одан әрі дамытуда атқарылатын жұмыстар мен алдағы жоспарларға тоқталды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасы мен әл-ауқатын арттыруға бағытталған «Ауыл аманаты» бағдарламасы Бесарық ауылында сәтпен жүзеге асуда.

Мұнда «Абай-Дәулет» серіктестігінің демеушілігімен фри картобын өндіретін зауыт жұмыс істейді. Сонымен қатар наубайхана, кондитерлік және жартылай дайын өнімдер цехтары, жұмыс қолғаптарын, плас-

тик ыдыстарды, сабын мен ағаш бұйымдарын өндіретін кәсіпорындар іске қосылған.

«Қызылорда» супермаркеті мен дәмхана тұрғындарға сапалы қызмет көрсетіп келеді.

2024 жылы ауылда жалпы аумағы 1 мың шаршы метр болатын шағын өндірістік орталық пайдалануға беріліп, 13 кәсіпкерге өз кәсібін бастауға мүмкіндік жасалды.

«Абай-Дәулет» серіктестігі 2018 жылдан бері ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына 1,5 млрд. теңгеден астам қаражат бағыттады. Бұл қаржы 360 орындық мектеп, 120 орындық балабақша, дәрігерлік амбулатория, мәдениет үйі секілді әлеуметтік нысандарды салуға, жөндеуге, абаттандыруға және көгалдандыру жұмыстарына жұмсалды.

Оның 4-еуі «Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы, 5 жоба «Өңірлік инвестициялық орталықтың» қолдауымен, ал 4 жоба шаруашылықтың өз қаражаты есебінен жүзеге асты. Нәтижесінде 25 жаңа жұмыс орны ашылып, жобаларға 960 млн теңге инвестиция тартылды. Бүгінде кәсіпкерлер шағын өндірістік орталықта өз өнімдерін шығаруда.

ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ – МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҒЫ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаевтың төрағалығымен құқықбұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссия отырысы өтті.

Күн тәртібінде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың және масаң күйде жасалатын құқықбұзушылықтың алдын алу, зардап шеккендерді қорғауда атқарылған жұмыстар, өңірдегі сыбайлас жемқорлық ахуалы және алдын алу үшін қабылданған шаралар, әлеуметтік саладағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері қаралды.

Мемлекет басшысы «Сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күресу – біздің саясатымыздағы негізгі басымдықтың бірі» деп атап өтті. «Заң үстемдігін орнықтырып, құқықтық мемлекет құру үшін ең алдымен, сыбайлас жемқорлықтың барлық көріністеріне тосқауыл қою керек» деген міндет қойды.

Аймақ басшысы осы талаптар өңірдегі барлық мемлекеттік органның қызметінде бұлжытпай орындалуға тиіс екенін атап өтті.

«Мемлекеттік қызмет туралы жаңа заңды қызметкерлерге түсіндіріп, оның талаптарын мүлтіксіз сақтау керек. Медициналық ұйымдардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін қайта зерделеп, рәсімдерді кезең-кезеңімен автоматтандыруға қатысты нақты ұсыныстар енгізуді тапсырамын.

Денсаулық сақтау саласына халықтың сенімі бәрінен маңызды. Сондықтан басқармаға қарасты барлық медициналық ұйымда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алуды түбегейлі күшейтіп, әрбір бас дәрігердің жеке жауапкершілігін арттыру керек. Бірде-бір заң бұзушылық пен негізді шағым бақылаусыз қалмауы тиіс», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Сонымен қатар масаң күйде жасалатын құқықбұзушылықтың алдын алуда ведомствоаралық жұмысты жандандырып, алкоголь өнімдерінің заңсыз айналымына бақылауды күшейту тапсырылды.

Қылмыс деңгейі жоғары елді мекендерде «Ішімдіксіз ауыл» жобасын кеңейту үшін жергілікті ақсақалдар, қоғамдық кеңестер, учаскелік полиция инспекторлары және қоғам белсенділері нақты профилактикалық жұмыс жүргізуге тиіс.

Отбасын қолдау орталықтары, мобильді топтар және әлеуметтік қызметтерге бөлінген қаражаттың тиімді пайдаланылуын қатаң бақылау маңызды. Бұл ресурстар қолайсыз отбасыларды ерте анықтап, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталуы қажет. Осыған байланысты отбасын қолдау орталықтарының қызметін ведомствоаралық деңгейде қайта қарау жүктелді.

ПАЙДАСЫ КӨП ШАҒЫН ӨНЕРКӘСІП...

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев сол жағалаудағы шағын өнеркәсіп нысандарын аралап, олардың жұмысымен танысты.

Алдымен өткен жылы ашылған «Тұмар» шағын өнеркәсіптік аймағына барды. Мұнда ет, сүт, кондитерлік өнімдер мен жартылай фабрикаттар өндіретін 7 өндірістік цех жұмыс істейді. Шығарылатын өнімдер жергілікті тұрғындардың сұранысына, азық-түлік қауіпсіздігі талаптарына сай.



«Syr Darya» коммуналдық базары қаладағы сауда инфрақұрылымын дамыту мақсатында ашылған. Базарда сапалы азық-түлік өнімдерін сатуға, жергілікті ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне қолайлы жағдай жасалған. Аумағында азық-түлік, киім-кешек дүкендері мен тұрмыстық техника сататын сауда орындары бар. Қазіргі уақытта көтерме сауда орындарын орналастыру үшін ғимарат қайта жаңғыртылып бейімделуде.

Өткен жылы іске қосылған «Техностанка-Ремсервис» ЖШС-нің шағын өнеркәсіп аймағында тәулігіне 15 сантехникалық бұйым өндіретін, темір тор шығаратын өндірістік цехтар бар.

Аймақ басшысы жауапты сала жетекшілеріне шағын өнеркәсіпті, ондағы өндіріс ауқымын кеңейтуді тапсырды.

БАСШЫЛАРҒА НАҚТЫ ТАПСЫРМА БЕРІЛДІ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаевтың төрағалығымен облыс әкімдігінің мәжілісі өтті. Күн тәртібінде өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері, бюджет қаражатының игерілуі, аграрлық шаруашылық каналдарын бетондау, пайдалануға берілген әлеуметтік нысандарды теңгерімге қабылдау, инвестиция тартудағы өзекті мәселелер талқыланып, алдағы кезеңге арналған міндеттер нақтыланды.

Аймақ басшысы жауапты сала басшыларына алты айлық инвестиция жоспарын орындауды, өңдеу өнеркәсібін дамытуға бағытталған жаңа бастамаларды және инвестициялық жобаларды тиімді жүзеге асыруды тапсырды.

Облыстағы құрылыс басқармасына, қала және аудан әкімдіктеріне статистика департаментімен бірле-

сіп құрылыс нысандарының есебін жүйелеу, айлық, тоқсандық және жартыжылдық статистикалық есептерді толық әрі уақытылы ұсыну міндеті жүктелді.

Бюджет қаражатын тиімді әрі толық игеру мәселесі де назардан тыс қалмады, жауапты басшыларға нақты тапсырмалар берілді. Жаңадан ашылған әлеуметтік нысандарды теңгерімге қабылдау және қабылдау актілерін рәсімдеуді бір апта ішінде аяқтау, аудандардағы спорт кешендерін заңнама талаптарына сәйкес аудан әкімдіктерінің теңгеріміне беру жайы да пысықталды.

Бұл тұрғындардың сұранысына сай тиімді жұмыс кестесін, ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүйелейді, материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жақсартады.

ӘКІМ ҚАБЫЛДАДЫ

Шиелі ауданындағы «Бұдабай Қабылұлы» атындағы аудандық Мәдениет үйінде аудан әкімі Айтбай Жандарбеков мүмкіндігі шектеулі азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Қабылдау барысында тұрғындар тарапынан әлеуметтік қолдау, тұрғын үй, инфрақұрылым, денсаулық сақтау және өзге де салаларға қатысты бірқатар мәселелер көтерілді.

Аудан әкімі мүмкіндігі шектеулі жандардың мәселелері мен ұсыныстары әрдайым назарда болатынын, олардың өмір сүру сапасын жақсарту және әлеуметтік қолдауды күшейту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасатынын жеткізді.

Жиынға тиісті сала басшылары мен жауапты мекеме өкілдері қатысып, көтерілген сұрақтар бойынша тиісті түсіндірмелер берілді. Сонымен қатар тұрғындар тарапынан айтылған өтініштер мен ұсыныстар бақылауға алынып, заң аясында шешу бағытында нақты тапсырмалар жүктелді.

БАҚ-қа БАҚЫТ ҚОНҒАН КҮН

Қызылордадағы «Өнер орталығында» 28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күніне арналған «Қанатты қалам – 2026» салтанатты шарасы өтті.

Оған облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов, зиялы қауым өкілдері мен сала ардагерлері қатысты.

Аймақ басшысы журналистерді кәсіби мерекемен құттықтап, өңірдегі бастамалар мен жаңашылдықтарды халыққа шынайы жеткізудегі еңбектерін жоғары бағалады.

«Бүгін – мерзімді басылымдар мен телеарналарда, ақпараттық агенттіктер мен сайттарда қызмет істейтін шығармашылық өкілдерінің, журналист жасаған сюжет пен жазған мақаланың жарыққа шығуына еңбек сіңіретін мамандардың мерейлі күні.

Мереке қарсаңында Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерін Ақорда төрінде қабылдап, мемлекеттік наградалар табыстады.

«Qyzylorda» телеарнасының ардагері Қарабала Жағыппар Аманжолұлы «Парасат» орденімен наградталды. Бұл – Сыр журналистикасына берілген жоғары баға.

Салтанатты рәсімде ақпарат саласының дамуына елеулі үлес қосқан қалам иелері «Парасат», «Құрмет» ордендерімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен, Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Еңбек ардагері», «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгілерімен, Құрмет грамотасымен, Қазақстан Журналистер одағының «Қазақстанның Құрметті журналисі» атағымен, Премьер-министрдің бірінші орынбасарының, Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрінің, облыс әкімінің Алғыс хаттарымен, Құрмет грамотасымен және түрлі номинациялармен марапатталды.

Мемлекет басшысы: «Журналистер қауымы – ең алдымен қоғамның жаршысы әрі шынайы жанашыры. Сіздер әрдайым халықтың көкейінде жүрген өзекті мәселелерді көтеріп, жұрт мүддесіне адал қызмет етіп келесіздер. Мемлекет сіздердің ерен еңбектеріңізді жоғары бағалайды» деп ерекше атап өтті.

Ұлттық журналистика тарихында Сыр өңірінің айрықша орны бар. Ғасырлық белесіне жақындаған басылымдар мен тәуелсіздік жылдарында шыққан газеттер – аймақтың сыр-шежіре сандығы.



Облыстың тарихы, әлеуметтік-экономикалық дамуы мен мәдени-рухани жаңғыруының айқын дереккөзі. Быыл аймағымыздың жетекші арнасы «Qyzylorda» телеарнасы 35

қажырлы еңбегі тележурналистика тарихында лайықты ізін қалдырды.

Бүгінде тағылымды жолдан өтіп, ұстаздарының өнегесін жалғасаң мамандар елімізге белгілі ірі медиахолдингтерде, телеарналарда еңбек етіп, Сыр журналистикасы мектебінің мерейін үстем етуде.

Тәуелсіздік шежіресін, Сыр өңірінің жылнамасын, қалыптастырудағы қажырлы еңбектеріңіз үшін Сіздерге алғысымды білдіремін!», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Алдыңда Ақорда төрінде өткен рәсімде Мемлекет басшысы журналистерді қолдауға, әлеуметтік жағдайын жақсартуға баса мән берілетінін айтқан еді. Кейінгі үш жылда Астана қаласында ғана 200 журналист баспаналы болса, енді бұл бастаманың ауқымы кеңейді. Президент тапсырмасымен был алғаш рет облыстарда жұмыс істейтін ақпарат саласының 66 қызметкеріне пәтер кілті берілді.

Аймақта «Сыр медиа» серіктестігі директорының орынбасары Әзиз Батырбековке және «Qyzylorda» телеарнасының телеоператоры Рамазан Жүсіпбекке пәтер кілттері табысталды.

«ҚАРАСОРА-2026»: ЕСІРТКІ ҚЫЛМЫСЫН ТЕЖЕЙДІ

«Заң мен тәртіп» қағидаты аясында өңірде есірткі қылмысының алдын алу және жолын кесу бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. 1 маусымы мен 31 қазан аралығында республика көлемінде «Қарасора-2026» арнайы жедел-профилактикалық іс-шарасы өтіп жатыр. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында өткен баспасөз конференциясында облыстық полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы күрес басқармасының бастығы Біржан Бағисов брифинг берді.

Іс-шара басталғалы өңірде есірткіге қатысты 38 құқық бұзушылық анықталды.

Есірткі қылмысына қарсы күрес департамент басшылығының тұрақты бақылауында. Заңсыз айналымның жолын кесу бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасады. Облыс аумағында 5 мобильді бекет жұмыс істейді. Жалпы саны 102 қызметкер, 7 қызметтік іздестіру іті және 28 автокөлік техникасы жұмылдырылған. Сондай-ақ, әуеден бақылау және қызметтік иттерді пайдалану арқылы есірткі қылмыстарын анықтау шаралары күшейтілген, – дейді Біржан Бағисов.



ЖАҢАРТЫЛҒАН ВОКЗАЛ – ЖАҚСАРҒАН САПА

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев, Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келген Көлік вице-министрі Жәнібек Тайжанов, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма төрағасы-ректор Наурызбай Байқадамов, зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары қайта жаңғыртудан өткен теміржол вокзалдарының ашылу рәсіміне қатысты.

Қайта жаңғыртудан өткендердің бірі Жаңақорған темір жол вокзалының ашылу рәсімінде Мұрат Нәлқожаұлы теміржол вокзалдары жолаушыларға қолайлы және қауіпсіз, өңірдің заманауи көліктің айшықтайтын нысандарға айналатынын атап өтті.

«Облыс аумағы - тоғыз жолдың торабында орналасқан, өңірлер мен елдерді байланыстыратын маңызды көлік дәлізі.

Бүгінде аймағымыздан халықаралық және өңіраралық теміржол бағыттарымен мыңдаған жолаушы, шетелдік туристер қатынайды. Сондықтан теміржол вокзалдарын заман талабына сай жаңғырту тұрғындар үшін де, қонақтар үшін де ерекше маңызға ие.

Жиында Жәнібек Тайжанов пен еңбек ардагері Сәулебек Қалыбаев сөз сөйлеп, теміржол саласы қызметкерлері мен мердігер мекеме өкілдері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Бүгінде облыс аумағынан 15 жолаушы пойызы өтеді, облыс орталығынан Астана, Петропавл, Павлодар, Көкшетау, Семей, Түркістан қалаларына 6 жолаушылар пойызы жүреді. Өңірде 80 шақырымнан астам теміржол күрделі жөндеуде.

Бүгін біз Жаңақорған кентінде 1 млрд.теңгеден астам қаржыға қайта жаңғыртылған, аумағы 8 838 шаршы метр болатын теміржол вокзалын ел игілігіне табыстағалы тұрмыз. Вокзал күніне 121 жолаушыны өткізуге қауқарлы. Ғимараттың қасбеті мен іргетасы қапталды, төбе жабындысы мен есік-терезесі ауыстырылды. Электр желілері монтажданып, жылу жүйесі жүргізілді, перрон абатандырылды. Нысан заманауи талаптарға сай, жоғары сапалы жабдықтармен жарақталған. Бұдан бөлек, бүгін Шиелі, ертең Қазалы теміржол вокзалдарын табыстаймыз. Облыс аумағынан өтетін әрбір қонақ пен турист мұндағы қызмет

сапасы мен жайлылыққа оң бағасын береді деп сенеміз», - деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Қайта жаңартылған Шиелі теміржол вокзалының да ашылу рәсімі өтті. Аймақ басшысы аудан тұрғындарын құттықтап, жаңа ғимарат жолаушыларға сапалы қызмет көрсететін бірегей нысанға айналатынын атап өтті.

«Бүгін Өздеріңізбен бірге аймағымыз үшін маңызды жобалардың бірі - Шиелі теміржол вокзалының қайта жаңғыртудан кейінгі салтанатты ашылу рәсімінде бас қосып отырмыз.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының еліміздегі теміржол вокзалдарын қайта жаңғырту тапсырмасы аясында былтыр сол кездегі аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының тікелей бастамасымен жаңғыртудан өтетін вокзалдар тізіміне барлық аудан орталықтарындағы және Төретам, Сексеуіл станцияларындағы ғимараттар, Жаңақорған ауданы Талап бекетінің платформасы енгізілген болатын. Барлық вокзалдағы жаңғырту жұмыстарына 10 млрд. теңгеге жуық қаржы бөлінді.

Аумағы 9 474 шаршы метр болатын Шиелі теміржол вокзалына 836 млн. теңгеден астам қаржы қаралған. Тәулігіне 200 жолаушыны қабылдайтын вокзал заманауи талаптарға сай жабдықталған.

Мұнда да ғимараттың қасбеті мен іргетасы қапталып, төбе жабындысы мен есік-терезелері ауыстырылды. Электр желілері, жылу жүйесі жаңаланды және перрон аумағы абатандырылды.

Бүгін Жаңақорған теміржол вокзалын да іске қостық, Ертең Қазалы вокзалын ел игілігіне табыстаймыз. Жаңа нысандар баршаңызға құтты болсын!», - деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Шарада Жәнібек Тайжанов пен Шиелі кенті ардагерлер кеңесінің төрағасы Болат Күлімбетов сөз сөйлеп, сала қызметкерлері, мердігер мекеме өкілдері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Бұл рәсімнен сон Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев, «Қазақстан



Темір Жолы» ұлттық компаниясының құрылыс жөніндегі басқарушы директоры Марат Исалиев, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма төрағасы-ректор Наурызбай Байқадамов, зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары қайта жаңғыртудан өткен Қазалы теміржол вокзалында жолаушыларға есік ашты.

Аймақ басшысы аудан тұрғындарын құттықтап, жол-көлік инфрақұрылымын дамытудағы бастамалар, оларды жүзеге асырудың маңыздылығы туралы айтты.

«Сыр өңірі тоғыз жолдың торабында орналасқандықтан аймағымыздан халықаралық және өңіраралық теміржол бағыттарымен мыңдаған жолаушы, шетелдік туристер қатынайды.

Бүгін біз ғасырдан астам тарихы бар Қазалы теміржол вокзалын ресми түрде іске қосамыз. Күніне 350 жолаушы келіп-кететін, аумағы 8 860 шаршы метр ғимарат 1 млрд. 290 млн. теңгеден астам қаржыға қайта жаңғыртылды. Жаңа нысанда аудан тұрғындары мен қонақтарына сапалы қызмет көрсетіледі деп сенемін», - деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Ашылу салтанатында Марат Исалиев пен Қазалы аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразғали Бекбанов сөз сөйлеп, теміржол саласында еңбек етіп жүрген қызметкерлер мен мердігер мекеме өкілдері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Қызылорда облысының аумағындағы вокзалдар өткен ғасырдың басындағы «Орынбор-Ташкент» магис-

тралі жүргізілген кезеңде салынған.

Қазалы теміржол вокзалы – жай нысан емес, ғасырлық тарихтың куәсі, ауданның өсіп-өркендеу жолындағы маңызды символдардың бірі. Іргетасы XX ғасырдың басында Ақирек тауынан қашалып, түйе керуенімен жеткізілген тастан қаланған екен. Қабырғасы

өткен. Былтыр сәуір айында «Қазақстан Темір Жолы» ұлттық компаниясының қаржыландырылуымен «Бақ Береке» ЖШС ғимараттың іргетасы мен қабырғаларын күшейтіп, шатырын толық жаңартты. Есік-терезелерін ауыстырып, құту залдарын заманауи талаптарға

Ел аумағындағы теміржол вокзалдарын қайта жаңғырту туралы Президент тапсырмасына сәйкес 2024 жылы Қызылорда теміржол вокзалы күрделі жөндеуден өтіп, абаттандырылды. Бұдан бөлек, аймақтағы 7 вокзал, Тереңөзек және Жалағаштағы 2 қызмет көрсету пункті күрделі жөнделіп жатыр. Талап бекетінде 322 млн. теңгеге 1 188 шаршы метрлік жолаушылар платформасын жаңғырту жұмыстары аяқталды.

сай жабдықтады. Мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолайлы орта жасалып, қауіпсіздік жүйелері орнатылды. Ана мен бала бөлмесі, медициналық пункт бар. Аумағы абаттандырылып,



күйдірілген кірпіштен өрілген. Ерекше сәулетімен дараланған бұл ғимарат 1980 жылы архитектуралық ескерткіш ретінде арнайы есепке алынған.

Бүгінде Қазалы ауданының аумағында 91 шақырым теміржол желісі бар, тәулігіне 12 жолаушылар пойызы өтеді.

Соңғы рет 2013 жылы жөндеуден

жаңа келбетке ие болды. Маңындағы инфрақұрылымды жақсарту бағытында да ауқымды жұмыстар атқарылды. Биыл қаңтар айында теміржол үстіндегі жаяу жүргіншілер көпірі пайдалануға берілді.

Осылайша Әйтеке би кентінің теміржолдың арғы бетінде тұратын 13 мыңнан астам тұрғыны үшін қауіпсіз ері ыңғайлы қатынау мүмкіндігі жасалды.

ӨҢІРЛІК КӨРМЕ-БАЙҚАУЫ ӨТТІ

Қызылордадағы «Құзыреттілік орталығында» облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың, мәслихат депутаттары, жергілікті бизнес өкілдері, даму және қаржы институттары басшыларының қатысуымен «Қазақстанның үздік тауары – 2026» өңірлік көрме-байқауы өтті.

Аймақ кәсіпкерлері мен тауар-өндірушілері жыл сайынғы «Алтын сапа» сыйлығы мен «Қазақстанның үздік тауары» дәстүрлі республикалық көрме-байқауына белсенді қатысып келеді. Бұл – отандық тауарөндірушілерді қолдауға, өнім сапасын арттыруға және ұлттық брендтерді дамытуға бағытталған маңызды шара. Көрменің ашылу салтанатында сөйлеген аймақ басшысы бәсекеге қабілетті өнім шығарып, сапалы қызмет көрсету еліміздің өркендеуіне нақты іспен үлес қосу екенін атап өтті.

– Бұл міндетті жүзеге асыруда кәсіпкерлер қауымының еңбегі мен жауапкершілігі ерекше. Көрмені аралау барысында сапалы өнімдерді өзімізде шығаруға болатынын көрдік.

Қызылорда облысында 60 мыңға жуық шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істейді. Бұл секторда 113 мыңнан астам адам еңбекпен қамтылған. Биыл кәсіпкерлікті қолдауға шамамен 25 млрд теңге бөлініп, 553 жоба қаржыландырылды.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Қазақстанда жасалған» деген таңба ең мықты сапаның, ең



жақсы өнімнің белгісіне айналуға тиіс. «Алтын сапа» байқауының басты мақсаты – осы» деп атап өткен болатын.

Облыс экономикасын әртарап-тандыруда жоғары сапалы, экспортқа бағытталған өңдеу өнеркәсібі қарқын алды. Алдағы 3 жылда 48 инвестициялық жобаны жүзеге асырып, 10 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын құру көзделген.

Бүгінгі көрме-байқау алаңы – кәсіпкерлер арасындағы өзара ынтымақтастықты күшейтіп, жергілікті өнімдерді тұтыну мен өткізуді арттыруға мүмкіндік береді», - деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Жақында «Марал Нұр» серіктестігінің жоғары технологиялық вагондарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету кешені ашылды. Бұл компания теміржол инфрақұрылымын

дамытудағы сапалы жұмысы үшін өткен жылы «Алтын сапа» сыйлығының лауреаты атанды.

Өткен айда испандық «Рока Групп» компаниясының санитарлық-техникалық бұйымдар, «Севен Риверс» компаниясының шыны ыдыстар шығаратын зауыттарының капсуласы салынды. Алдағы уақытта жаңа өндірістердің жоғары сапалы өнімі облыс экономикасын өркендетуге септігін тигізеді.

Биылғы көрме-байқауға 62 компанияның түрлі салаларынан 80 тауарөндіруші қатысты. Сарапшылардың бағалау қорытындысы бойынша «Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар», «Үздік азық-түлік тауарлары» және «Халыққа арналған үздік тауарлар» номинациялары бойынша 9 жеңімпаз марапатталды.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖОБАЛАРЫ ЖАСАЛУДА

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиевтің төрағалығымен жасанды интеллект мәселелері бойынша тренинг-семинар өтті. Оған облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев секторлық режим арқылы қатысты.

Жиында Мемлекет басшысының цифрландыру және жасанды интеллектті дамыту жөніндегі тапсырмаларының, өңірлердегі цифрлық жобалардың орындалуы, мемлекеттік басқару жүйесіне заманауи технологияларды енгізу барысы талқыланды.

Бүгінде өңірде білім беру, денсаулық сақтау және қоғамдық қауіпсіздік салаларында бірқатар жоба іске асырылып жатыр. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті базасында 2023 жылдан бері Сеул ұлттық ғылым және технология университетімен бірлескен жасанды интеллект институты жұмыс істейді. Онда 240 студент білім алуда, 200 студент бірлескен білім беру бағдарламалары бойынша, 40 студент қос диплом бағдарламасында оқиды.

Облыстағы 21 медициналық ұйымда жасанды интеллект көмегімен онкологиялық ауруларды ерте анықтауға арналған радиологиялық зерттеулерді орталықтандыру технологиясы кезең-кезеңімен енгізілуде.

Барлық жеті ауданда талшықты-оптикалық байланыс желісі арқылы 539 бейнебақылау камерасы мен 49 жылдамдық өлшеу құрылғысы орнатылып, жедел басқару орталықтары жаңғыртылды. Осындай жұмыстар Байқоңыр қаласы, Ақай және Төретам кенттерінде де жүзеге асырылды.

Облыс орталығында 1400 бейнебақылау камерасы, 80 зияткерлік қиылыс және 96 стационарлық жылдамдық өлшегіш іске қосылды. Жедел басқару орталығына жасанды интеллект негізіндегі бейнеаналитикалық жүйе енгізіліп, оған Ішкі істер министрлігі, облыс әкімдігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті және полиция департаментінің ақпараттық жүйелері ықпалдастырылды.

Биылғы сәуір айынан бастап республикада алғашқы болып Қызылорда облысында «Сұңқар» аппараттық-бағдарламалық кешендері арқылы жүргізушілердің қауіпсіздік белдігіне, көлік айдағандағы ұялы телефон пайдалануына қатысты заңбұзушылықтары жасанды интеллект көмегімен автоматты түрде анықталуда.

Бас прокуратурасының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан жасанды интеллект элементтері бар «Цифрлық қадағалау» пилоттық жобасы өңірлер арасында бірінші болып Қызылорда облысында іске қосылды.

Мемлекет басшысының қатысуымен өткен Tomorrow School жасанды интеллект мектебінің ресми ашылуына Қызылорда облысы қатысып, «Құзыреттілік орталығында» заманауи техникамен жабдықталған оқу кеңістігі пайдалануға берілді.

ҚЫТАЙ ИНВЕСТИТОРЛАРЫ ҚЫЗЫЛОРДАҒА ҚЫЗЫҒУДА

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев, Еңбек Ері Имамзада Шағыртаев қытайлық компаниялардың өкілдері Ван Дэфэнг, Лю Сюэйи, Ван Цинцай және Бай Яньлунмен кездесті. Кездесуде өңірдің агроөнеркәсіптік кешенін дамыту, ауыл шаруашылығы өндірісін әртарапандыру және инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

Аймақ басшысы су үнемдеу технологияларын енгізуге, суды аз қажет ететін дақылдардың егіс көлемін ұлғайтуға ерекше мән беріліп отырғанын атап өтті.

– Биыл облысымызда дөңдік жүгері

10 мың гектарға егілді. Жүгеріні терең өңдеу және тұқым шаруашылығын дамытуға, минералды тыңайтқыштар өндірісіне, жоңышқаның экспорттық әлеуетін арттыру бағытындағы бірлескен жобаларға қызығушылық танытамыз.

Инвесторлармен ашық әрі сенімді қарым-қатынас орнатуға әрдайым дайынбыз, – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Кездесуде өңірдің инвестициялық мүмкіндіктері таныстырылды. Басты артықшылықтар қатарында аймақтың халықаралық көлік дәліздерінің бойында орналасуы, суармалы жер қорының молдығы және қолайлы

Су үнемдеу технологияларын енгізуге бағытталған жобаларды субсидиялау үшін алдағы үш жылға 34 млрд. теңгеден астам қаржы қарастырылған.

табиғи-климаттық жағдайы атап өтілді.

Бүгінде облыста 286 мың гектар суармалы жер бар. Оның 178,6 мың гектары – инженерлік жүйеге келтірілген күріш ауыспалы егістіктері.

Кейінгі жылдардағы су тапшылығына байланысты күріш егістігі оңтайландырылып, ылғалды аз қажет ететін дақылдар көбейтілуде. Агроөнеркәсіптік кешенді әртарапандыру және су үнемдеу технологияларын енгізу үшін республика көлемінде кешенді шаралар қабылданып, мемлекеттік қолдау тетіктері іске қосылды.



Кітапхана



Мұхтар МАФАУИН

күшін, сән-сәулетін арттырған қолбасылар, дипломаттар, оқымыстылар, басқадай игі жақсылар көп шықты. Сүйегіміз асыл, тегіміз терең екені шежірелердің бәрінде сайрап тұр, ата даңқына да, абыройымызға да ешкім күмәнденген емес. Әйткенмен, Ұлы Екатерина заманынан бастап, біздің әулеттің бұрынғы дәреже-мансабы кемі бастапты. Ал император Павел тұсында патша сарайында мүлде көлеңкеде қалғанымен, Сібірдің терең кеніштерінде төптәуір танылады (сөз ыңғайына қарағанда әлдебіреулер қаторға айдалған сияқты, - М.). Әйтсе де байлық пен беделден арылмаған.

ескірген неміс рухында тәрбиелеген жоқ. Бірақ патшалық құрылыстың Россия үшін ең үлкен сор екенін мыйыма сіңірген. Алайда, мені тәрбиелеген - әкем емес, арнайы шақырылған тәжірибелі оқытушылар да емес, тасқа басылған жазу. Мен, әрине, әкемнің ғылым саласындағы, саясат саласындағы сәтсіздіктерінен жақсы хабардармын. Сондықтан өз жолымды іздеуім керек-ті. Өзімнің жолым ғана емес, Отанымның болашақ бағдары. Біздің әулеттің ескіден қалған жалғыз мұрасы - өлденеше ұрпақтың қолтаңбасы бар бай кітапхана. Мен Тит Ливий мен Тацитті, Плутарх пен Светонийді, Гомер мен Цицеронды ғана емес, Вольтер мен Руссоны, Шеллинг пен Шопенгауэрді де зерделеп оқыдым. Ұлы француз революциясының тарихын тексердім. Ғажайып кезең, ғаламат жандар. Менің пейіл-иманым яқобилер жағына ауды. Идеалым Марат та, Дантон да емес, Робеспьер еді, Ақыл-парасат күшін арттыру, жүйке бекіту, мінез қалыптастырумен

блондиннің құдайдан өзі тілеп алған жалы социал-революционер жастар арасында үлкен ашу-ыза туғызды. Менің қайран қалғаным, біздің ағайындар қысасты қаза - тек тап жауларына ғана еншілі сыбаға деп санайды екен. Өздері кімді болмасын кекіліктей жалпасынан түсіруге өзір, ал олардың қылшығы қисаймауға тиіс сияқты. Ал үйрмешіл, дабырашыл бейсауат студенттер қауымы бұл - азат ойлы жас ұрпаққа жасалған қатаң ескерту деп білген. Шешендер профессор мінберіне көтеріліп, бүкіл полиция департаментіне, тап осы іске ешқандай қатысы жоқ университет ректоратына ғана наразылық білдірумен шектелмей, қазіргі мемлекет құрылысын мансұқ етіп, патша ағзамның өзіне жақындап барған. Полицияның нақты дерегінен, әлдебір куртизанканың пәтернен кештетіп шығып келе жатқанда, иен, қараңғы бұрышта өлденендей бұзақылар, - мүмкін, жезөкшенің ескі тамырлары, - өлтіріп кеткен, жалаңаштап тонап әкеткен

Оңалып кеткен, түзеліп кеткен ештеңе жоқ. "Аюға намаз үйреткен - таяқ" деген мақал бар екен қазақта. Біздің аюға арнап айтылғандай. Елдің санасы жаңғыру үшін ұлы сілкіністер ("великие потрясения") қажет-ті. Әрине, бір адамның қолынан келетін шаруа емес. Бірақ "Ұшқыннан жалын қаулайды!" деген, социал-демократтардың ұраны нақты өмірден алынған. Ұшқын бар. Қаулау үшін, іріп-шіріген, бірақ тұғыры тас, ұстыны орнықты есік қоғам біржола жаңару үшін революциялық террор кең көлемде, жан - жақты жүргізілуіне тиіс. Жаңғырудың ең басты шарты - түбегейлі тазарту! Біз өткендердің күрес жолын зерделеп, өзіміздің шамалы тәжірибемізді қорытып, ойласа, ақылдаса келе жаңа катехизис жасадық, мұрат, бағдарымызды нақтылай, айқындай түстік. Ең алдымен, соны серпіліске кеселі тиюге мүмкін сұмбайлардың көзі жойылуға тиіс. Содан соң патшалық төртіп-тің, қылмыскер құрылыстың тірегі болып отырған қайратты, парасатты кісілерді қатардан шығарамыз. Жұртты үрей жайлайды, қауымның іргесі шайқалады, өкімет берік бағдарынан жаңылады. Күні озған қоғамды шылпара талқандауға, түп-түқиянымен құртуға жол ашылады. Нәтижесінде, әлемнің алтыдан бір бөлігінде революциялық өрт тұтанады, жеңіспен, жаппай жаңғырумен ғана аяқталар қуатты бүлік бүкіл жер шарына таралады. Сол ұлы мұратқажолашаржалындыдажарақты топ ештеңеден тайсалмауға тиіс еді. Мен өз жасағымды құрдым, жекелеп жүргізілетін өрекет аймағын ежелгі екі астанаға, барлық провинциялық орталықтарға көшіру туралы жоспар ойлалыста бастадық. Міне, дәл осы кезде тұзаққа іліндім. Соңғы ерлік, - қазір ойлап отырсам, сұмдық, тіпті, қылмысты істерім үшін емес. Мүрдем кеткен Покшишевскийдің тозақтан жолдаған сөлемімен. Бағдыда өткен, өзім де ұмыта бастаған ескі істер шылауы. Соңғы кезде мансапты, атақты жуандар қазаға ұшырамағанымен, революциялық террор жаңаша сылап алғанын, кеңінен таралуға бет қойғанын аңдаған охрнка өздеріне ежелден мәлім, бірақ тұзаққа ілінбей жүрген жігіттерді қатаң бақылауға алады ғой. Ақыры, тобымен жапырлаған, әрине, іске аспаған кезекті қастандық үстінде біреуін қолға түсіреді. Өрмекті тарқата келе, баяғы бір іске шығады. Орындаушы болмаса да, тікелей қатынасасам да хабардар, сыбайлас ретінде мен, қазір мүлде араласпай кеткен, тіпті, араздықта жүрген ескі серіктеріммен бір бұғауға шалындым. Бізге үлкен "құрмет" көрсетілді. Анау-мынау емес, аса қауіпті мемлекеттік қылмыскерлер ғана "сая табатын" Петропавловск қапас-қамалына түстік.

Әрине, ештеңені мойындамадым. Өте көтеріңкі, тіпті, кей реттерде көңілді жұрдым. Кейінгі жұмыстарымның соншалық таза жасалғанына масаттанған. Ескі іске қатысым шамалы ғана екені тағы өзіме аян. Бірақ патша заңы ақ - қараны қашан айырған. Жазықсыз, бейқұна жандар мыңдап, Отанға игілік қана тілеген марғасқалар жүзделі айдалды, асылды, құртылды. Ал шын жау - патшалық құрылыстың ғана емес, бүкіл мемлекеттің, ұлы орыс халқының қас дұшпандары - "саяси күнекарлар" ретінде ғана, тыным алып, денсаулығын түзетіп, білімін толықтырып, ойланып-толғанып, жаңа айла-шарғыға мольғып қайтуы үшін, ауасы таза, табиғаты бай, оңаша, әрі тыныш, тіршілігі келісті өлке-лерге - айдауға емес, демалысқа жіберіліп тұрды. Нәтижесін енді көріп отырмыз. Хош. Сонымен, бес жыл қаторғаға кесілдім. Одан соң он жыл еркін қоныстанушы. Жаңа айтқанымыз, тергеу орындарының қолындағы айғақпен салыстырғанда мен жазықсыз жапа шектім. Бірер жыл бұрын болса, университетпен ғана қоштасып, аман шығуым да мүмкін еді. Бірақ біздің Россияда, тіпті, патша тұсында да, науқаннан қымбат ештеңе жоқ еді. "Отанға қауіп төнген", әлемдік соғыс тұтанғалы тұрған, Балқанда қырқыс басталып (сөл-пөл жаңсақ дерек, сөз болып отырған уақыт - 1914 жылдың көктемі екені байқалады, бұл кезде Балқан соғысы аяқталған, - М.) Еуропаның есінен адасқан барлық монархтары ақыр түбі өздерінің басын жұтатын жаппай қантөгіске құмартып отырған кезең еді. Бас жыл қаторға! Бұл тозақтан аман шыққан, "еркін" қоныстанушы бақытына жетесің! Мен әуелде ашу-ызадан, кернеген кеткен құтырып кете жаздадым. Содан соң мөңгіріп, езіліп, естен адасуға жақын халде бұратылып жата бердім. Ақыры, зтаппен айдауға түскен кезде бәрине де көнген, болашақтан, тіршілік атаулыдан баз кешкен кейіпке енсем керек. Бірақ мен жас едім. Жігерлі, қайратты едім. Тіршілік өз заңын жүргізді. Мен өмір сүре бастадым, каторжник ретінде болса да.

(Жалғасы бар)

роман

САРЫ ҚАЗАҚ

Тікелей өз аталарыма келсем, олардың ең таңдаулы өкілдері Наполеон соғыстары кезінде - Бородино мен Березинада, Қысқы жорық пен Лэйпциг түбіндегі ұрыста қаза тапты. Тірі қалғандарының ешқайсысы Сенат алаңындағы бүлікке қатыспаған. Бірақ император ағзамның өз көзіне ілінбеді. Менің үлкен әкем князь В. отыз жыл тұрақты әскер қатарында қызмет атқарса да генералшеңіне жете алмай, Қырым соғысы қарсаңында полковник дәрежесінде отставкаға шығыпты. Бірақ қарт жауынгер Тавридадағы масқара жеңілісті көтере алмай, миына қан құйылып қайтыс болған. Мұның бәрін тәптіштеп айтып отырғаным, біздің әулет ғасырлар бойы Мемлекет пен Таққа қалтқысыз қызмет етті, өзінің бар тірлігінің мәні - Отан алдындағы борышты өтеуде деп білді...

Көрі полковник өзінің Орел губерниясындағы қонысына келгенде шағын шаруашылық өте мүшкіл халде еді. Полковниктің алғашқы некеден туған жалғыз ұлы - менің әкем өзінің өмірін реформаторлық жұмысқа арнамақ болады. Геттингенде дәріс алған, неміс философияның дүниені қайта құру туралы идеяларымн басы шармалған бозбала бүкіл Еуропаны аралайды, тіпті, Америкаға өтіп кетуге шақ қалады. Көрі полковник ескі ұясына қайтып оралған кезде ол өзін де, өзгені де ұмытып, деревнядағы ахуал, шаруалары босату, қауымды қайта құру туралы еңбектер жазумен әуре болып жатса керек. Екі-үш мақала, очеркі сол тұстағы журналдарға шыққан да сияқты. Ол, тіпті, реформаны күтпей, біздің иеліктегі шаруаларға толық еркіндік беру туралы өз өкісінің алдына мәселе қойса керек. Көрі полковник, әрине, бұл ұсынысты геттингендік желөкпелік деп қана қабылдаған, оқымысты ұлдың аузын аштырмапты. Арада екі-үш жыл өтпей, Азаткер патша арнайы манифестін жариялағанда құрғақ идея мен нақты істің ара қатынасы қандай екені айқындалады. Әуелде, басқа дворян ұялары сияқты, біздің мелік те ту-талақай болады. Өзі нық сенген, осы жолда бар өмірімді түгесем, айдауға да, абаққа да дайынмын деп жүрген өкей (түпнұсқада - батюшка, - М.) мөңгіріп қалса керек. Таңқаларлық ештеңе де жоқ. Бары алдында тұрған, тым дәулетті болмаса да, ішіп-жемдігі мол салқам сері ("молодой повеса") бір-ақ күнде "жалғыз үйлі Овсянников" болады да шығады. Әкейдің Петербург университетінен кафедралық аймақ болған, басқадай жолмен болашағын берекелеуге тырысқан қамқарекеттерін айтпай-ақ қояйын. Ақыр түбі өбден қажыған, жасы өлуге тақаған кезде кеше ғана өзінің басыбайлы құлы саналған, реформадан соң шамалы жер алып, тынымсыз еңбек етіп, ұсынықты іскерлігімен байыған қара шаруалардың бірінің жалғыз қызына үйленеді. Көрілігін қамтамасыз еткеннен соңғы арманы бала көру екен. Перзент тұрмай қояды. Ақыры, некенің тоғызыншы жазында - 1895 жылы мен туыппын. Әкейдің - бір кездегі делебелі Геттинген ұланы, енді ата-тегін, бағзы замандардағы атақ-даңқын бәріннен жоғары қоятын қарт князьдің бар тірлігі бала бауға арналады. Қаражатын да, күш-қуатын да аямайды.

Мен Елец каласындағы гимназияны алтын медальға бітіріп, 1911 жылы, он алты жасымда Петербург университетінің заң факультетіне келіп түстім. Әлбетте, өкей мені

қатар, дене қуатына да айрықша көңіл бөлдім. Гимназияның соңғы класына көшкен жылы өкеймен бірге Еуропаны аралап қайтқан соң мен өзімнің болашақ өмірім революциялық күрес жолына бағышталарын біржола түйсінген едім. Университеттегі, өзінмен өлдеқайда ересек, әртүрлі үйірмелерге, жасырын ұйымдарға белсене қатысып жүрген ойшыл, күрескер жастардың арасына түскенде, мен таңдаған жолымның дұрыстығына тәнті болдым. Жетеді! Шыдам шектен шықты. Бұдан әрі қарай бұрынғыша өмір сүру мүмкін емес! Пушкин мен Толстойды туғызған жетпіс миллиондық великоросс халқы барлық асыл қасиетін танытатын, ұлы миссиясын ақтайтын өзгеше талайын табуы керек. Оған сай мүмкіндік толық. Тек жағдай келіспей тұр. Суворов пен Кутузовты шығарған, әлемдік құрылықтың алтыдан бір бөлігін баурына басқан Орыс мемлекеті әлемдегі ең қуатты державаға айналуда тиіс. Оған да жетер күш бар. Тек шарты келіспей тұр. Сол жағдайды жасау керек, сол шартты туғызу керек. Мұны бәрі де ұқты. Бәрі де білді. Бірақ түскен жол әртүрлі, ұсынған бағдар әрқилы еді. Меп социал-революционерлер партиясын мақұл көрдім. Көп ұзамай қарулы жауынгер топқа кірдім. Біз қоғамды жаңғырту жолындағы іс-өрекет дәйекті түрде жүргізілетін революциялық террорсыз жүзеге аспайды деген сенімге бекін едік. Мен әуелде онша маңызды болмағанымен, өзіндік мәні бар бірнеше акцияға қатыстым; тікелей емес, сырттай бақылаушы, хабаршы ретінде ғана. Серіктерім мені баласынған. Мүмкін, сын кезеңі шығар. Бірақ мен жиналып шешім қабылдаған, қаншама уақыт жаппай талқылап, ақыры топырласып жүріп қастандық ұйымдастырған мұндай әрекеттерге қанағаттанбадым. Жоғары шенді, аты дабыралы ұлықтарды ғана аулайды. Басқаларға ескертпек. Ой салмақ. Қорықпаған, ойланбаған жөндеттер ғана зулымдыққа баратындай. Аңғырт қана емес, босбелбеу, тіпті, дәрменсіз іс. Әлбетте, нәтижесі шамалы. Оның үстіне, екінші және үшінші акциялар кезінде біздің арамызда охрнка тыңшысы барын аңдадым. Құпия полиция бәрін біледі, тіпті, кейбір істерімдіздің сәтті болуына тілектес - қайткенде де торын құрып, төбемізден бақылап қана отыр. Келесі бір, шамалы ғана шаруа сәтсіздікке ұшырап, жігіттер ғайыптық күйімен ұсталмай кеткен соң мен оп-оңай есептеп шығардым. Жаратылыстану факультетінің төртінші курсында оқитын, қалың шаш, қыр мұрынды сұлу блондин, почтмейстердің баласы, сібірлік. Біздің топтағы, - террористер тобы емес, студенттер тобы, - Елена дейтін қызға қырындап жұретін. Ойландым, әртүрлі кездейсоқ жайыптарды ескердім, басқаларды да тексеріп шықтым - күмәнін сенімге айналды. Әрине, мен Покшишевскийдің, - әдемі блондиннің фамилиясын есқашан ұмытпаймын, - сорлы Покшишевскийдің сатқындығын жолдастарымның алдында дәлелдей алмайтын едім. Менікі негізінен дерек емес, түйсік. Бас араздыққа балауы, қызғанышқа жабуы мүмкін. Оның үстіне, катарымызда Покшишевскийден гөрі тереңірек орныққан тағы біреудің жоқтығына кім келіп. Айқындалған өзім, үкімді де өзім шығардым. Әрине, орындаушы да өзім. Сатқын

(тоналғаны рас, қымбат сюртугі Фин шығанағының батпағында шірігенмен, алтың сағаты әлі күнге дейін Санкт-Петербурттағы, ах, кешіріңіздер, ...градтағы каналдардың бірінің түбінде жатыр) сатқынды жерлеу - ұлт батырын шығарып салуға паралап оқиға айналды. Қабір басында қаншама асқақ сөздер айтылды, тындап тұрғанда табытқа өзің түсіп кеткің келеді екен - болашақ Кювье, болмай қалған Коуп. Достары мен өріптестері тегіс қатуланып алған. Әрине, мен де ашулымын. Елена сұлудан көзімді айырмадым. Араларында ештеңе болып үлгермесе де, батырдың бейбақ жесірі ретінде көріңгісі келетіндей. Түгел қара киінуге дауаламаған сияқты, мойнына қара ормал салыпты. Ертең екінші біреумен ойнап кетерін, қаласам, менікі де боларын түйсініп тұрған жоқ. Бірақ маған ендігісі бәрібір еді. Менің Троям алда. Сол күні-ақ құпия серіктеріме өзімнің партия қатарынан шығатынымды мәлімдедім. Әрине, көбі қорқақтыққа балады, сатқындықтан сезіктенгендері де бар. Маған салса, екеуі бірдей. Тез сусыдық. Тіпті, біразымен қарама-қарсы кездескенде бас ізеспейміз. Мен өзімнің бақылауға түскенімді аңдадым. Әлбетте, полицияның басқылауынан ауыр емес. Тек сақтықты молайта түсу қажет.

Көп ұзамай, 1907 жылғы жаныштау кезінде айрықша озған полиция офицерлерінің бірі жалпасынан түсті. Түнгі қызметтен қайтып келе жатқанда, тура есігінің алдында қақ маңдайдан атып кеткен. Содан соң отставкадағы жандарм полковнигі. Қызмет басында жүрген кездегі еңбектері үшін. Арада ай өтпей тағы бір жандайшап - жыртықштың өзі болмаса да көзі, адал қызметіне орай байланған наградасын алуға астанаға келген, провинциялық губернатордың адыютанты. Небәрі жарты жыл орайында көлденең жазға - жендеттік ерлігі мен құлдық ықпалына сай қараға ұшыраған бейбақтың ұзын саны сегізге жетті. Әрине, мен. Мұның бәрі менің ісім еді. Аңғал да ақылсыз серіктерім сияқты мен наһан киттердің ғана соңына түскем жоқ. Топас, қатал, көрі губернатор өлсе, оның орнына әрі залым, әрі іскер, жас біреу отырады. Полиция бастығы өзгергенімен, өкіметтің құлақ, көзі бітелмейді, жуан жұдырығы әлсіремейді. Патшаның өзін өлтіргенде тапқанымыз белгілі. Заман қатаң түсті, дүние бұрынғыдан да тарылды. Бұрын езіліп жатқан, еңіреуден жазбаған халық енді мүлде ханышталды, бүкіл Россияны зар басты. Жоқ! Қатардағы полицейден ұлы князға дейінгі аралықтағы жұрт ұстаған "игі жақсылар" (түпнұсқада "лучшие люди", - М.) төңірегіне үреймен болмаса да, күдікпен қарап, бұдан ары басқаша билік жүргізу қажетін, өздерін осыншама жек көретін халықпен есептесу керегін, мемлекетті, бүкіл әкімшілік жүйесін қайта құрмай дүние оңалмасын ұғынуға тиіс еді. Әрине, бұрынғылардың мыйына ештеңе қонбайды; қызметке, іске жаңадан араласып жатқан кейінгі буын алдыңғылардың тағдырын көріп, жаңаша ой түері күмәнсіз. Бұл - бейбіт жолмен, үгіт, тәрбиемен жүзеге асатын іс емес. Данышпан Пушкин мархаматқа шақырып, азаттықты дәріптеді. Гоголь бүкіл қауымды, ел ішін кеулеген қоқысты әшкереледі. Толстой ерлікті, ізгілікті, адалдық пен адамдықты марапаттады. Не шықты?



“КҮН АСТЫНДАҒЫ ОРЫН” ҮШІН КҮРЕС



ТОҚТЫ

Барлығы да өз ойындағыдай. Жобалар жұмыс жасап тұр, ойына алғаны іске асып жатыр. Табысты келісім-шарттар аяқталуға жақын. Шілде айы Тоқтының өз жан рахаты үшін жұмыс істеуіне қолайлы. Басқалар уақытты созып, қашан бастаймын деп бал ашып жүргенде Тоқтылар әрекет етіп, жаңа бағыттарға қадам жасауда. Әрине бұл жаңа жеңістерге әкелері сөзсіз. Ақырына дейін күресуге, берілмеуге үйренген. Содан да шілденің аптап ыстығында да табысты көбейтуге, өзін дамытуға іздену үстінде. Дегенмен жұлдыздар бір күн болса да демалуды, миға тыныштық беруді ескертеді. Ең дұрысы – медитация. Қанық ұйқы, денені сергітер салқын су, қайсысы болғанда да денені, ойды сергітер жаттығулар жасаған жөн. Ағзаны демалтпаса мықты жауынгердің өзі де шаршап қалады.

Қаржы мәселесінде: ақшаны табу – бұл шаруаның жартысы. Оны сауатты жұмсау, немесе қаржыны басқару ең қиыны. Негізі Тоқтылар ақша табуды жақсы көргеннен оны жұмсау немесе басқару жағын өзнен басқаға жүктегенді жөн көреді. Бұрын бұл қолайлы болған шығар. Алайда шілдеде билікті қолға алып, ақша әмияның өзі ұстағаны жөн. Бұл бағыттағы алғашқы қадам табысты. Содан да еш күдікке бой алдырмай, батыл қадам жасаның. Негізі бұл ай қаржылық тәуелсіздікке бейім.

Жұлдыздар табыс жоғары қарай өрлейді дейді. Бұл өзіңіздің көсіптегі, немесе бизнестегі еңбегіңіздің жемісі екенін айтады. Уақытты босқа созып, табыс әкелмейтіндерден іргені аулақ салыңыз. Әрдайым қауіпсіздік қағидаларын есте ұстаңыз. Жинақталған қаражат жаңа іс бастасаңыз да немесе қызмет ауыстырсаңыз да керек. Жұлдыздар осы жайға кеңес береді.

Махаббат мәселесінде көп жұмыс істегендіктен жеке өмірді қалыптастыруға уақыт жоқ. Бар ойыңыз ақша табу, карьера жасау болғандықтан жаныңызға жылулық жетіспейді. Ылғи да мұңлы қалыпта жүресіз. Дегенмен шілде айында жағдай өзгереді. Айнала дүние өзгеріп басқалардың өзіңізге қызығушылық танытатынын байқайсыз. Жұлдызды болжам ескертеді: ашық болыңыз, бірақ сақтықты ұмытпаңыз.

Жұлдыздардан кеңес: бірден жүрекке жақын қабылдамаңыз – жаңа таныстарға абай болыңыз. Әр түрлі тақырыптарда әңгіме айтып көріңіз. Ортада өзін қалай ұстайтынын бақылаңыз. Сезімді ақылға жеңдіріңіз – жалғыздықтан сонша жапа шеккенде де кездейсоқ байланыстардан абайланыңыз. Интернеттегі махаббатыңа таразылай біліңіз. Өткенді қайталамаңыз. Бір басқан тырманы қайта-қайта баса бермеңіз. Жүрегіңізді аяңыз.

Денсаулық мәселесінде: бәрі де ас мәзірінен басталады. Теңестірілген тамақтану – денсаулығыңыздың кепілі. Күні бойы қалай тамақтанасыз, көңіл-күйіңіз де, деннің саулығы да соған байланысты. Негізі шілдеде көп адамдар әлсіздікке, шаршаңқылыққа, төбеттің жоқтығына шайымданады. Сондықтан да тамақтану мәселесінде талғам керек.



ТОРПАҚ

Барлығы да өз қалпында келе жатыр. Бұған дейін мазаны алғандардың бәрі шешімін табады. Бұл кезең терең тыныстап, қиындықтан ойды да, бойды да босататын уақыт.

Бұл айда отбасында көбірек болып, жақындарға көңіл бөлген жөн. Алыс жолға шығуды кейінге қалдырған дұрыс. Артық уайымның қажеті жоқ. Көптеген жандар демалысқа шығып жатқанымен Торпақтардың бос уақытын көңілді өткізетін кезеңі әлі алда. Қазір ең маңыздысы ішкі дүниені тыныштандыру, жақын адамдармен байланысты нығайту. Негізі бұл ай қарбаластан гөрі тыныштық уақыты.

Торпақтар еңбеккеш, сондықтан да оларда қаржы дағдарысы бола бермейді. Дегенмен осы айда ақшаға абай болып, күнделікті шығындарды қысқартқан жөн. Бұл соншалықты қиын емес. Өйткені бас тартқан мәселерге соншалықты қажет те емес. Есесіне жүйкені жұқартпай ертеңгі күнге деген сенімділік күшейеді. Жұлдыздардың ескертінше ірі қаражатқа тәуекел етпей, экономика мәселесінде өз түйсігіне сенген жөн.

Жұлдыздар кеңес береді: Жұмысқа қажетті құрал-жабдықтар немесе материалдар сатып алу туралы ойлану керек – қызмет бабында өсу үшін қаржы салу қажет. Жаңаны үйрену арқылы өз табысыңызды арттырасыз. Немесе қазірден бастап болашаққа негіз қалайсыз.

Махаббат мәселесінде: Торпақтар адалдықтың және қарапайымдылық пен ақ көңілдіктің үлгісі. Мұндай жұбы бар адам арқасын көкке тірегендей. Әрине жастық кезде мұндай қасиетті екінің бірі бағалай бермейді. Содан да өміріңіз өзіңізге ұнамай жүрсе қапаланбаңыз. Алдағы уақытта бәрі ойдағыдай болады. Өзіңіз күтпеген тұстан жағдай оңынан өзгереді.

Жұлдыздар кеңес береді: Нақты өмірде танысу керек. Арнайы сайттар мен қосымшаларға сенбеңіз. Тән құмарлығымен ғана қарым-қатынас орнатпаңыз. Сезімнің күші бір-біріне деген қамқорлықта, сыйластықта және шынайы махаббатта. Жағымсыз әдеттерден аулақ болыңыз – ылғи да сынап, мінеп, кемшілігін іздеп тауып, бетіне басудан сақтаныңыз. Әрдайым жағымсыз жағын тізбеніз.

Денсаулық мәселесінде шыдамдылық керек. Шілденің аптап ыстығы денені тітіркендіреді. Ауа температурасының секирмелі өзгерісін қабылдау да оңай емес. Салқын температурада жүруге тырысыңыз. Ауаның температурасынан гөрі айналадағы ортаның жайлылығы, қолайлығы ағзаға әсер ететінін ұмытпаңыз.



ЕГІЗДЕР

Бұл ай Егіздер үшін өзгеріс айы. Тіпті жақсы, көптен бері өзі де өзгерістерге ұмтылып жүрген. Өзінің батылдығына, бас-

тамашылдығына орай көптеген оқиғалар тез орын алуы да мүмкін. Жаңаға қарай батыл қадам басаық.

Отбасы мәселесінде үйдегілер оның шынайлығын, сезімталдығын танып білгісі келеді. Көбіне өзін оқшау ұстайтындығы түсінбестік тудырады. Содан да дау-дамайдан аулақ болу үшін бойындағы жақсы қасиеттерін көрсете білу керек.

Отбасын құрмағандардың өмірінде жағымды жаңалықтар бар. Негізі асығыс шешім қабылдамай қарым-қатынасқа ерекше мән берген жөн. Көптеген Егіздер осы айда некеге тұрады.

Денсаулық мәселесінде аса тәуекелге бара беруге болмайды. Өсіресе көлік айдайтындар. Шілдеде жарақаттану, апат көп болуы мүмкін. Денсаулыққа зиян келтірмес үшін қолайсыз жағдайға тап келмес үшін спиртті ішімдіктерден аулақ болған жөн. Имунитетке айрықша мән беру керек. Мезгіл жаз екеніне қарамастан салқын

тиіп, немесе жұқпалы ауру ұстап қалып, ағзаңыз әлсіреп қалуы мүмкін. Дәрумендер қабылдап, қолыңызды жиі жуып жүріңіз. Аурудың белгісі байқалғаннан бірден дәрігерге көріңіз.

Қызмет пен қаржы барысында өзіңіз асығыс шешімдеріне және шымдамсыздығына байланысты қиындықтар орын алуы мүмкін. Өз мінезіңізді бақылай біліңіз. Ойланбай сөйлеуден әріптестер мен басшылықпен сөзге келіп қалудан сақтаныңыз. Ұстамдылық танытып, болашақты ойланңыз. Жұмыс барысы қанағаттандырмайтын болса, өз кәсібіңізді ашарсыз. Жұлдыздар асығыс қадамдарды құптамайды.

Бастаған істі ақырына дейін жеткізетін қасиетіне орай көтермелеу, сыйақы болып та қалар. Көптеген Егіздер қаржы жағынан қиналмайды. Жұлдыздар қарызға ақша алмауға кеңес береді. Қайтарымы қиын болуы мүмкін. Сондай-ақ айдың соңына дейін ірі зат сатып алмаңыз.



ШАЯН

Табыс табу мен көңілді демалу арасын таңдау керек. Табысты таңдаған жайдайда қаржы жағынан, демалысты таңдаған жағдайда көңіл күй жағынан ұтады. Қалай болғанда да ұтады. Кездейсоқ оқиғалар орын алуы мүмкін. Өрі біреу емес бірнеше. Демалысқа шыққан жағдайда да қосымша табыс табуға мүмкіндігі бар.

Отбасы мәселесінде көңілді саяхаттар кезінде жақсы эмоция орын алады. Үрей, күдік, күмән бәрін артқа тастап әр сәтке рахаттана біліңіз. Жаңа оқиғалардың іргесі мықты болады. Отбасылық кикілжіңнен шаршағандар шамалы уақыт үзіліс алып, өз қарым-қатынастарын таразылағаны жөн.

Отбасылық Шаяндар жақын адамдарына көңіл бөліп қамқорлық жасағаны дұрыс. Бірақ тым беріліп кетпеңіз. Уақытты өзіңіздің шынайы сезіміңізді дәлелдеуге жіберіп алмаңыз.

Денсаулық мәселесінде тамақтануға мән беру керек. Қазір астан улану соның зардаптарымен күресу көбірек. Жаз айында ауруханада жатқаның несі жақсы. Содан да үйдегі мұздатқышты өзіне де ұқыпты болыңыз. Күмәнді асханаларға бармаңыз. Асқазаныңызға назар аударыңыз. Тексеруден өту де керек шығар. Негізі шілде айы созылмалы аурулардың қозатын кезі. Содан да абай болып, дәрігердің рұқсатынсыз дәрі ішпеңіз.

Қаржы мен қызмет мәселесінде сәттілік күтіп тұр. Көп күш жұмсамай-ақ мол табысқа кенелесіз. Әріптестеріңіз қызыға қарайды. Егерде қызметтен көтеріліңіз келсе онда өзіңізге көп жауапкершілік алыңыз. Еңбек демалысына шыққандардың өзі интернеттен қызық жұмыс тауып алады. Шығармашылық адамдары өздерінің бос уақытында айналысатын хоббиі арқылы да әп-өдемі табыс табады. Тіпті кейбірі оны тұрақты табыс көзіне айналырғысы келеді. Қаржы көзі тұрақты, кредит немесе қарыз іздеудің қажеті жоқ. Керісінше айналадағылар өзіңізден қарыз сұрайды. Дегенмен шешім қабылдауға асықпаңыз. Өз қаражатыңыз өзіңізге айдың соңында қажет болуы мүмкін.



АРЫСТАН

Тағдырдың талайымен келген ауырталық, қиындықтарды қабылдап алуға дайын. Бұл оның еңбекшіл, алған бетінен қайтпайтын қасиетіне байланысты. Содан да бәсекелестерін

жеңіп, қиын келісім-шартты өзіне ыңғайлап алуына, тіпті бұған дейін батылы жетпеген істі бастауына ықпал етеді.

Отбасы мәселесінде тыныштық айы. Кейбіреулер көңіл толмастық білдіру мүмкін. Өзіңіздің шаршағаныңызды, соған байланысты отбасына көңіл бөле алмай жүргеніңізді түсіндірсеңіз отбасындағылар түсінеді. Жалғызбасты Арыстандар өз жүректеріне жақын жандарға жолыады.

Денсаулықта мәселе жоқ. Құш-қуат жетіп артылады. Алайда спиртті ішімдікке үйір болудың ақыры жақсылыққа әкелмейді. Жеңілтектік өт жолына әсер етіп денсаулық сыр береді. Жұлдыздар салауатты өмір салтын ұстануға кеңес береді. Таңғы жаттығулар күш беріп, бұлшық еттерді нығайтады. Спортпен айналысатын Арыстандар өз денсаулығына алаңдамаса да болады. Бірақ күннен қорғану керек.

Қызмет пен ақша мәселесінде жаңа биіктерді бағындыруға қадамдар жасалады. Өз тәжірибесі, таланты қарсыластарынан озып шығуға көмектеседі. Жаңалыққа жақын жандар әрдайым жеңіс тұғырында. Содан да өз мәртебеніңізді, материалдық жағдайыңызды жақсартатын жетекші позицияға орналасыңыз. Басшы Арыстандар қиын келіссөздерді сәтті аяқтайды, бәсекелестерін өз жағына шығарып, кедергілерді жояды.

Ойланбаған, асығыс шығын жасаудан бой тартсақ, материалдық жағдай тұрақты болады. Тәуекел етудің ақыры жеңісті бола бермейді, содан да артық ақшаны болашаққа алып қойыңыз. Біреулер қаржылай көмек сұрауы мүмкін, бас тартпаңыз. Табысты қаржы салымы болып қалар.



БИКЕШ

Бұрын арман болып келген материалдық табыс, тұрақтылық, бақыт шын мәнінде жүзеге асады. Оған өзінің сенімділігі, мақсатшылдығы әсер етеді. Бикештер өз табысымен айналысымен де бөліскісі келеді. Тіпті бұрын өзі сенім білдірмеген жандармен де араласады.

Отбасы мәселесінде жеке өмірді кейінге қалдырып келеді. Жалғыздықтан жапа шекпес үшін демалысқа, жаңа таныстықтарға назар аудару керек. Бұл айда отбасы мәселесіне, күрделі жөндеуге, тұрмысты ұйымдастыруға мән берген жөн. Бұл ай жүктілікке де қолайлы.

Денсаулық мәселесінде ауытқулар бар. Өсіресе қалқанша безіне назар аударған жөн. Арнайы тексерістен өтіп, УЗИ-ге түскен дұрыс. Тіс дәрігеріне баруды да кейінге қалдырмаңыз. Кариесті уақытымен емдеңіз. Жүкті болғысы келетіндер өз денсаулығына назар аударып шаршаудан, артық ашудан, спиртті ішімдік ішуден бойды аулақ ұстау керек.

Айдың соңында жүйке жүйесі әлсіреп, бас ауыру, бас айналу, ұйқыбастық, қан қысымының көтерілуі, үрейге бой алдыру сыр білдіру мүмкін. Бұл ағзаға демалыс қажет деген белгі.

Карьера мен ақша мәселесінде көздеген қызметке қол жеткізу үшін әрекет етудің кезеңі. Өйткені оған барлық мүмкіндік бар. Өзіңізді дұрыс бағаламайды деп есептесеңіз жаңа жұмыс орнын іздеуді бастаңыз. Бәлкім өз ісіңізді ашарсыз.

Өзіңіздің бұрынғы жұмыс орныңызда қалсаңыз қаржылық жағдай тұрақсыз болуы мүмкін. Шығын кірістен асып кетіп реніш туғызады. Қапа болмаңыз айдың соңында жағдай тұрақталады. Ай бойы қарыздан қашыңыз. Өйтпесе қиын жағдайға қаласыз.

(Жалғасы 8-бетте)

Сұрағым бар...

КЕНЕДЕН ҚАЛАЙ ҚОРҒАНУҒА БОЛАДЫ?

Есте сақтаңыз!
Кене шағу қауіпті!

Конго-Қырым қанды безгегі - жедел, қызбамен, жалпы уланумен, өлім-жітімнің болуымен сипатталатын вирусты инфекция. Індет қоздырғыштары ауру адам немесе ауру тасымалдаушы, мал қанын сорған кене арқылы (яғни, трансмиссивті жолмен) және тұрмыста қарым-қатынас жағдайында жанасу (контакт) арқылы немесе ауру малды сойып, оны мүшелегенде, малды кенеден тазалағанда, мал қырқымы кезінде техника қауіпсіздігін сақтамау салдарынан жұқтырылуы мүмкін. Сондай-ақ, адам бұл ауруды сырақаттарды күту және оларға медициналық көмек көрсету немесе аталған вируспен зертханалық жағдайда жұмыс істеу барысында да жұқтырады. Ауру көзі болып ауру адамдар және вирус жұқтырған жануарлар жатады.

Кеселге негізінен ауылшаруашылық жұмыстарымен айналысатын адамдар, көктем, жаз айларында табиғатта, тоғай арасында, көк шөптер арасында демалатын адамдар шалдығады. КҚҚБ ауру адамнан сау адамға жұғады. Негізі тасымалдаушылары болып кенелер жатады. Адамдар арасындағы індет жағдайлары көбіне көктем-жазы уақыттарда (сәуір-тамыз) тіркеледі. Көбіне ауылшаруашылық салада жұмыс жасайтын адамдар ауырады. Аурудың алғашқы сатысында қысқа уақыт ішінде жоғарғы температура 39-40, қатты бас ауруы, тоңып- қалтырап, ұйқысы бұзылып, төбеті нашарлап, жүрегі айнып құсуы мүмкін, жүрек соғысы баяулап, артериялық қан қысымы төмендейді. Қан кету белгілерінің бастапқы кезеңі науқастың денесінде бөртпенің пайда

болуымен, түрлі егулер жасаған жерде қатты ісік, көгеру пайда болуымен, мұрнынан қан кетумен сипатталады.

- Кенеден таралатын ауруларының алдын-алудың жолы-кене шағудан қорғану.

- Лагерь құратын аймақты, шөпке отырмас бұрын айналаны өңдеу.

- Саябаққа, табиғатқа барғанда жабық киім кию ұсынылады, шалбарды етікке салып, бас киімді өзіңізбен бірге алып жүру керек, шашты қалпақ немесе шарфтың астына жасыру керек.

- Әр үш сағат сайын қайта жағу керек спрейлермен және арнайы кенеге қарсы құралдарды қолданыңыз.

- Орман аймағында, шөпті өсімдіктері бар учаскелерде болған кезде өзара бір-бірлеріңізді тексеру және өзін - өзі тексеру, жер үсті тексерулерін әр 10-15 минут сайын жүргізу.

- Ашық табиғат аясындағы демалыстан оралғаннан кейін және киімді шешкеннен кейін, денені, шашты және киімді мұқият тексеріп, кенелерді, өсіресе бас терісін, қолтықты, құлақтың артындағы аймақты мұқият қараңыз.

Киімді желдетіңіз, гүлдерді, бұтақтарды немесе ашылықтан кейінгі заттарды бірден бөлмеге әкелмеңіз.

- Үй иттерін және басқа үй жануарларын оларға жабысқан кенелерді анықтау және жою үшін тексеріңіз.

Есіңізде болсын! Кене шағуы аса қауіпті инфекция-Конго Қырым геморрагиялық қызбасына алып келуі мүмкін!

Кенелерден қорғау ережелерін сақтау және дереу медициналық көмекке жүгіну сіздің өміріңізді сақтайды!

НЕЛІКТЕН 20 ЖАСТАҒЫ АЗАМАТТАР ҮШІН ЖЕТКІЛІКТІЛІК ШЕГІ 6 МИЛЛИОН ТЕҢГЕДЕН АСАДЫ?

Өзге елдерде азаматтар зейнетақы жинақтарының бүкіл еңбек қызметі бойы (30-40 жыл) жинайды. Осыған байланысты ерте жаста (мысалы, 20 жаста) жеткілікті зейнетақы жинағын қалыптастыру іс жүзінде мүмкін емес екені анық. Бұл тиісті актуарлық есептеулермен және халықаралық тәжірибеммен расталады.

Сондай-ақ еңбек жолының бастапқы кезінде аударылатын зейнетақы жарналары уақыт өте ұзақ мерзім бойы инвестицияланатыны және «күрделі пайыздың» есептелуі арқасында ең жоғары инвестициялық кірісті құрайтыны белгілі. Сол себепті жинақтарды жас кезде алу зейнеткерлік жасқа жеткендегі болашақ жинақтардың көлемін айтарлықтай азайтады.

Ең төменгі жеткіліктілік шегін (ТЖШ) есептеу салымшының қазіргі табысына емес, оның болашақта алуы тиіс нысаналы зейнетақысының көлеміне негізделеді. Ол үшін тиісті жаста зейнетақы шотында болуы керек және тіпті болашақта жарналар

аударылмаған күннің өзінде қарттық шақта зейнетақы жинақтарының жеткілікті сомасын қамтамасыз ете алатын ең төменгі жинақ сомасы есептеледі.

Мысалы, егер салымшы 20 жаста болса, оның зейнетке шығуына әлі 40 жылға жуық уақыт бар. Осы кезеңде оның жинақтары инвестицияланып, инвестициялық кіріс әкелуі және болашақ зейнетақы төлемдерін қамтамасыз етуі тиіс.

Егер қандай да бір себептермен жас азамат зейнетақы жарналарын аударуды тоқтатса да, шотта 6 млн. теңгеден астам қаражаттың болуы инвестициялық кіріс есебінен зейнеткерлік жасқа қарай зейнетақымен қамсыздандырудың ең төменгі стандарттарына сәйкес келетін мақсатты деңгейден төмен емес мөлшерде төлемдер алуға қажетті жинақты қамтамасыз етеді.

Мәселен, салымшыға өмір бойы төленетін төлемдерге кепілдік беретін зейнетақы аннуитетінің құны есептік шамадан төмен болуы мүмкін емес. Сақтандыру компаниясы

бұл құнды тек салымшының жас екендігіне немесе аннуитетті сатып алу үшін табысының жеткіліксіз болғанына сүйеніп қана төмендетпе алмайды. Дәл сол сияқты, ТЖШ шамасы да болашақта зейнетақы төлемдерінің мақсатты мөлшерін қамтамасыз ету үшін қажетті есептік деңгейден төмен болмауы тиіс.

Сондықтан жастар үшін ТЖШ-ның жоғары мөндері олардың болашақта қандай мақсатты зейнетақы алуы керек екендігімен анықталады. **Нысаналы төлемдер** халықаралық стандарттарға сай келетін зейнетақымен қамсыздандырудың ең төменгі әлеуметтік стандарттарынан аз болмауы керек. ХЕУ (Халықаралық еңбек ұйымы) ұсынымына сәйкес, **кірісті алмастырудың ең төменгі коэффициенті (КАК)** – зейнет-ақының зейнетке шығар алдындағы еңбек табысына арақатынасы – **40%-дан төмен болмауы** шарт.

“БЖЗК” АҚ баспасөз орталығы

“КҮН АСТЫНДАҒЫ ОРЫН” ҮШІН КҮРЕС



ТАРАЗЫ
Өз еңбегінің жемісін жейтін уақыт. Ақыры мықты қарым-қатынасқа, материалдық игілікке, қызметте табысқа қол жеткізеді. Көп жағдайға қол жеткіздім деп босанудың қажеті жоқ. Барлығын ұстап тұру үшін бұрынғыдан да бетер күш салу керек.

Отбасы мәселесінде жақсы өзгерістер бар. Айрылғысы келіп жүргендер шымдамдылық танытып, екінші жартысына мүмкіндік беруі керек. Асығыс шешімнің ақыры тек өкініш. Сондықтан да асықпаған жөн. Жақын адамдар мен достардың мәселесін шешіп, өзінен көмек сұрағандарға тірек бола білген жөн.

Денсаулық мәселесінде өзінің сыртқы түріне және деннің саулығына аса қатты мән беру керек. Диетаның, дене шынықтырудың кезеңі келді. Айдың орта шегінде гастрит немесе панкреатит күшейеді. Сондықтан да тамақтануда абай болып, майлы тағамдардан бас тарту керек. Арақ ішу мен темекі шегуден бас тартқан жөн. Ыстық күнде күннен қорғану құралдарын ұмытпаңыз. Күн кезінде көп болғаннан дене күйігі мен бас ауру пайда болады.

Карьера мен ақша мәселесінде қаржылық жағдай жақсарды. Ұмтылысыңыз жақсы бағаланып, кейін қолда табады. Әріптестеріңіз сізге қызыға қарап өзіңізден үлгі алғысы келеді. Бәлім көшбасшылық қасиетіңізбен ұжымыңызда белділіңіз артады. Ең бастысы дәрежеліктен аулақ болып, айналаңызға мейірім төге біліңіз. Өзіңге демалыс жоқ. Ақша мәселесіне тұрақты, әрі өсу бар, болашаққа қаржы салу туралы ойланаңыз. Дегенмен қаржы тұстарға аяқ баспаңыз. Әйтпесе, қарызға кіріп кетесіз.




САРЫШАЯН
Бизнес пен өз жеке өміріндегі мүдделерін қорғау үшін күресуге тура келеді. Жоғары бәсекелестік жағдайында батылдығын табандылық таныта білсеңіз жеңіске жетесіз. Күрестен шаршағандар өз бағыттарын қайта қарап, бәлім уақытта проблемалардан іргесін аулақтатады. Аз үзілістен соң өзіңізге қажеттіні анықтап, керек емес нәрсеге босқа уақыт шығындауды қоясыз.

Отбасы мәселесінде салқынқандылық орын алады. Анализ жасап көру керек. Шешім қабылдамас бұрын бәрін ортаға ашық талқыға салыңыз. Сыйластық пен сенім бұл өзіңіздің қарым-қатынасыңыздың негізі болып қала береді. Өз өміріңізге өзгеріс енгізуге тырысыңыз. Бәлім өз бойыңыздағы өзгерістер айналага да қарауға басқаша әсер етеді. Денсаулық мәселесінде зиянды әрекеттермен күресу білу керек. Өкпе және жүрек сыр беруі мүмкін. Зиянды әрекеттермен өз бетіңізше күрес алмасаңыз арнайы мамандарға жүгініңіз.

Бұл айда тыныс алу жүйесі де Сарышаяндардың өлсіз тұсы болады. Шілденің ыстық күнінде салқындап қатты жөтелуіңіз мүмкін. Өз бетіңізше ем жасамай дәрігерге көрініңіз. Жоспарлы дәрігерлік тексеруден өтуді ұмытпаңыз. Ауруды уақытынан ерте анықтауға көмегі бар.

Карьера мен ақша мәселесінде қарсыластармен күн астындағы орын үшін күресуге

тура келеді. Өзіңіздің жақсы қасиеттеріңізбен күреске батыл кірісіңіз. Бәлім қулық да бару керек шығар. Есесіне қызметте табысқа жетесіз. Жұмыссыз Сарышаяндар өзіне лайықты жұмысқа орналасу үшін жұмыс іздеп, көптеген әңгімелесулерге, конкурстарға баруға тура келеді. Бірақ көптеген тұстары көңілден шыға бермейді. Өзіңіздің талабыңызды азайтыңыз. Сонда қарапайымдылықпен де ақша табуға болатынына көз жеткізесіз. Ақша мәселесінде өзіңіз күткендегідей емес, қиыншылық бар. Демалысқа, көңіл көтеруге көп жұмсайсыз. Жаңадан кредит алу туралы ойланасыз. Айдың орта шегінде алаяқтарға тап болып, құнды затыңыздан айрылып қалуыңыз мүмкін. Абай болыңыз. Ақшаны, бағалы әшекейлерді көзге көрінетін жерге сақтамаңыз. Алаяқ өзіңіздің жақын адамдарыңыздың арасынан шығуы мүмкін.




МЕРГЕН
Өзін барлық жағынан нығайтқысы келеді. Әріптестермен, басшылықпен қарым-қатынасын жақсартып, жақын адамдармен байланысын күшейтеді. Ойға алған жөндеу жұмыстарын да күзеге асырады. Көптеген жандар оның табысынан шабыт алып, оның ізімен жүргісі келеді. Жеткен жетістіктерге байланысты жұмыс барысында жақсы ұсыныс түседі. Бас тарту мүмкін емес.

Отбасы мәселесінде көптен күткен, армандаған бақытқа, қарым-қатынасқа қол жетеді. Қызғаныштан, күмәннен бойды аулақ салып, әр сәттен рахаттана біліңіз. Бір-бірін жақсы танып білу үшін, бірге жақсы уақыт өткізу үшін бірлесіп саяхатқа шыққан жөн. Жұбайыңыз кез-келген жағдайда қолдау көрсетеді. Тіпті туысқандардың бірі күтпеген жерден көмек береді. Бұл кезеңді тиімді пайдаланып, жөндеу жұмыстарымен айналысқан жөн.

Денсаулық мәселесінде ас қорыту жүйесі сыр береді. Тезірек тексеруден өтіп, дәрігерге барған дұрыс. Ас мәзірін қайта қарап, зиянды тағамдардан, әсіресе спиртті ішімдіктерден бас тартқан жөн. Айдың орта шегінде гормоналды өзгерістерге және дұрыс тамақтанбауға байланысты терінің жағдайы нашарлайды. Арнайы диетаға отырыңыз. Ағзаны тазартыңыз. Косметологқа барып бет терісіне де күтім жасау керек.

Карьера мен ақша мәселесінде әріптестермен және басшылықпен жақсы қарым-қатынас орнайды. Өз жұмыс орныңызда жақсы дос табасыз. Әрбір қадамныңызды ұқыпты жоспарлай білсеңіз барлық басамаларыңыз табысты болады. Қызметтен өсуге ұмтылып жүргендер үшін жаңа қызмет, пайдалы таныстық кездеседі. Бизнеспен айналысатындар көп жұмыс істеуге, шетелдік әріптестермен қарым-қатынастарын нығайтуға тура келеді. Тіпті өз бизнесін сақтап қалу үшін кейбіреулерге басқа елге көшуге тура келеді.

Қаржылық жағдай тұрақты. Бірақ аяқ асты зат сатып алудан тежелу керек. Егерде отбасы мүшелерінің бірі қарыз сұраса бас тартпаңыз, көмектесіңіз. Қаржыңыз тез қайтады. Айдың соңында ірі көлемде қаржы алыңыз, немесе ұтыс болады. Баспана немесе көлік алуға жұмсаңыз оңынан келеді.




ТАУЕШКІ
Қиын ай. Табандылық, оптимизм керек. Отбасында кикілжіңдер орын алуы салдарынан өзгерістер, жүрек ауыртар өзгерістер болуы мүмкін. Бірақ бұл сынақтар ескіден арылып, жаңаны бастауға көмектеседі. Сондықтан да жаңару кезеңі деп қабылданың.

Отбасында жақын адамдармен, достармен келіспеушіліктер орын алуы мүмкін. Бәлім біреулер қатты өкпелеп, өзіңден түсінік талап етеді. Тіпті сатқындық та орын алуы мүмкін. Асығыс шешім қабылдамаңыз. Үзіліс алып, жан-жақты ойланаңыз, әсіресе жас-жұбайлар. Жалғызбасты Тауешкілер өздерінің жаңа махаббатын кезіктіріп, сезімге қатты бой алдырады. Бірақ ұзаққа бармайды. Қапа болудың қажеті жоқ. Өткеннен сабақ алып, жаңа таныстықтардан қашпаңыз.

Денсаулық мәселесінде зар шығару жүйесі сыр береді. Салқыннан байқаңыз. Дәрігерге қаралыңыз. Кейін зардабы болмас үшін қазірден қам жасаңыз. Айдың орта шегінде ангина өршиді. Салқын сусындардан сақтаныңыз. Салауатты өмір салтын ұстанып имунитетіңізді нығайтыңыз.

Карьера мен ақша мәселесінде басшылығыңыз жұмысыңызға, мінез-құлқыңызға қанағаттанбайды. Өз міндетіңізге жауапкершілікпен қарауға тырысыңыз, әйтпесе табысыңыз кемиді. Жұмысыңызды жоғалтып алмас үшін бәрін тәртіпке келтіріңіз. Айдың орта шегінде жақсы ұсыныс түседі, жіберіп алмау керек. Мұндай мүмкіндік бола бермейді. Өз бизнесі барлар үшін қарсыластармен күресуге тура келеді. Абай болыңыз. Материалдық жағдайда тұрақсыздық бар. Қажетті заттарға ғана ақша жұмсап, артық нәрсеге шығын шығарудан қашыңыз. Ақша жинау қиын болғанымен барлығынан үнемдеуге тырысыңыз. Айдың соңғы жағында аздаған ақша түседі бірақ мұны ұзақ мерзімді кіріс көзі деп есептемеңіз.




СУҚҒЫШ
Керемет табыстар күтіп тұр. Тіпті қозғалмайтын мүлік сатып алуға немесе теңізге барып демалуға болады. Жағдайыңыз кісі қызығарлықтай. Қаржы мәселесінде де махаббатта да Сұқйғыштарға тең келетін ешкім жоқ. Бірақ денсаулыққа мән беру керек.

Отбасы мәселесінде өз сезімдеріне абай болғаны жөн. Өйткені бұл махаббат ұзаққа бармайды, әрі қиыншылығы жетерлік. Өзара қарым-қатынастың қиындығынан шаршағандар таңдау жасауға тиіс. Не тұрақтылық үшін бірге қалады, әйтпесе жалғыз өмір сүруді бастайды. Асығыс шешім қабылдамай, бәрін ақылмен шешкен жөн.

Денсаулық мәселесінде жүйке жүйесіне назар аудару керек. Арандатушылыққа, үрейлендіруге мән бермеңіз. Айдың соңында кәсіби дәрігерлік көмекке мұқтаж боласыз. Бұл оң шешім. Өйткені сезім нүктелеріңізді қайта қалпына келтіру қажет. Кез-келген жағдайда сабыр сақтау үшін, тыныс алу гимнастикасы мен релаксацияны меңгеріңіз. Психология туралы кітаптар оқудың да көмегі болады.

Карьера мен ақша мәселесінде Сұқйғыштар

табысты компаниялармен маңызды қарым-қатынастар орнатып, басшылықтан оң бағасын алады. Жақсы жұмыс үшін тиімді ұсыныс түсіп, жалақыңыз көбеюі мүмкін. Жұмысқа қатысты қиын мәселелерді шешуге достарыңыз бен таныстарыңызды араластырмаңыз. Қаржы жағдайыңызды нашарлатып аласыз. Алайда жақын туысқандарыңыздың көмегі тиюі мүмкін. Әріптестер арасында әр түрлі әңгіме, есек-аяқ кең етек алады. Оған мән бермей, қиын мәселелерді шешуге ұмтылыңыз. Есесіне еңбегіңіз бағаланады, ақысы жақсы төленеді, содан да несие мен кредит туралы ұмытасыз. Бұл айда кредит алуға болмайды. Өз қаражатыңыз жетпесе ірі зат алуы кейінге қалдырыңыз. Шілдеде ақша көп болған жағдайда да оны кейінге алып қалуға немесе туысқандарға көмектесуге тырысыңыз.



БАЛЫҚТАР
Бақытты қанағаттану сезімі жетерлік, жарқын кездесулерге, қаржылық табысқа, жалпы танымалдылыққа толы ай. Қанша табысты болғаныңызбен, білетін адамдардан көмек сұрауға, кәсіби жандардың көмегіне жүгінуге тура келеді. Сонда ғана Балықтар одан да табысты болып, бұрынғы бір байланыстарды қайта қалпына келтіреді.

Отбасы мәселесінде өз айналасынан өз тағдырын табады. Бір-бірін танып білу үшін бірге ұзақ жол жүруге тура келді. Отбасылы балықтар үйдегілердің проблемаларын шешіп, көңілдерін табуға тырысады. Бәлім жөндеу жұмыстарымен, немесе баспананы кезітумен айналысады. Негізі қиын жобаларды айдың соңында бастаған дұрыс.

Денсаулық мәселесінде ЛОР органдары, яғни құлақ, тамақ, мұрын проблемаларымен күресуге тура келеді. Гайморит немесе синуситті емдеуге көлемді қаржы шығаруға дайын болыңыз. Сондай-ақ асқынған ауруларға байланысты бас ауру, бас айналу болуы да мүмкін. Жағдайды ушықтырмас үшін мұрын бітелгенін өзінде ертерек емделуге тырысыңыз. Дәрігер кеңес еткен дәрілерді ішуге, емді қабылдауға ерінбеңіз. Әйтпесе ауруханада ұзақ емделесіз. Уақытымен аурудың алдын алуға тырысыңыз. Дене шынықтырумен айналысыңыз. Айдың соңғы жағында суға абай болыңыз.

Карьера мен ақша мәселесінде өз бизнесін нығайту үшін сенімді серіктер іздеуге тура келеді. Ісіңіз өрлеу үшін қызметкерлерді таңдай біліңіз. Басшылық штатты қайта қарап, жалқау, арам қызметкерлерден құтылған жөн. Айдың орта шегінде жұмыстан бас көтере алмайсыз, нәтижесінде жақсы табыс түседі. Жалдамалы қызметкерлер өздерінің жақсы қасиеттерін көрсетіп, күн астындағы жақсы орын үшін бір-бірімен жарыса білгені дұрыс. Бұл жарыста Балықтардың көздеген қызметіне қол жеткізуге мүмкіндігі мол. Айдың соңында көптеген Балықтар қызмет баспалдағымен көтеріледі. Ақша мәселесінде табысы мол маңызды жобаларға жеткілікті ақша жинақтайсыз. Өте таныс емес адамдарға өз табысыңыз туралы ашық айтаңыз. Өйткені алданып қалып, үлкен көлемде ақша жоғалтуыңыз мүмкін. Алаяқтар қай кезде де мүмкіндікті жібермейді.

"Ақшамның" асханасы

КОРЕЙ КОФЕСІ



Шілденің шілдіңгір ыстығында салқын ішіңкір келеді. Кофе ішкенді жақсы көретіндер үшін қиын-ақ. Алайда қазір мұздатылған, салқын кофелер де баршылық. Бұл кофе түрлерін үйден де дайындауға болады. Осында бірнеше жыл бұрын әлеуметтік желіні жаулап алған корейлік дальгона кофесін үй жағдайында да дайындауға болады.

Қажетті заттар: 1 стакан сүт, 2 ас қасық кофе, 2 ас қасық қант немесе құмшекер, 2 ас қасық қайнаған су, 0,5 шәй қасық даршын.

Дайындалуы: Кофені, даршынды, құмшекерді қайнаған суға қосып бірге араластырамыз. Әбден ақшыл көбігі шыққанша көпіртеміз. Үстіне салқын немесе жылы сүт қосамыз. Кофе көпіршігін араластырып, іше беруге болады.

МОХИТО КОФЕСІ

Қатты ыстықта кофе ішіңкір келеді, алайда лимонадқа тебетің тартып тұрады. Енді екеуінде бірге ішудің мүмкіндігі бар.

Қажетті заттар: 120мл. жаңа ғана дайындалған ыстық кофе, 2 тілім лимон, шамалы жалбыз, 0,5 стакан мұз.

Дайындалуы: Стаканға мұз, лимон және жалбызды салып, оларды қасықпен езілейміз. Үстіне салқындалған кофені құйып араластырамыз.



ТАҢҚУРАЙ ФРАППЕСІ

Әрі десерт әрі кофе осылай аталады. Дәмі өте керемет. Негізі оған қант, сүт, кілегей, балмұздақ, ликер, шырын, дәмдеуіштер қосады. Болгарияда тіпті кока-кола да қосады екен. Серб фрappесі дәмді.



Қажетті заттар: 3 шәй қасық кофе, 400 мл., сүт, 100гр., таңқурай балмұздағы, талғамға қарай кілегей.

Дайындалуы: Шыны банкіге кофе, балмұздақ және салқын сүтті қосып қақпағын жауып әбден көпіргенше араластырамыз. Үстіне кілегей қоссақ болады.

ДӘМІ ҒАНА ЕМЕС СӘНІ ДЕ ЕРЕКШЕ

Кофенің сіңімді болуы дәмінен бөлек, әдемілігіне де байланысты. Салқын кофе дайындағанда оған қосылатын мұздың да әсері бар. Кофеге коктейльдерге арналған мұздарды да қосуға болады. Негізі мұздың құрғақ болғаны да жақсы екен. Құрғақ болу үшін мұзды бірнеше сағатқа мұздатқышқа салып қойса ол еріп, жан-жағынан су ағып тұрмайды. Сулы, ылғал мұз кофеге тез еріп кететіндіктен кофенің дәмі де дәмді бола қоймайды.

Салқын кофені шыны ыдыстарда дайындаған жөн. Құрамындағы заттардың қалай араласып жатқанын көріп, бақылап тұруға болады. Салқын кофені әдемілеу үшін оған кептірілген көкөністерді, жеміс жидектерді ұнтақтап қосуға болады. Сондай-ақ кофе түсін өзгертуге де болады. Мәселен қызылша шырынын қосса кофе түсі қызыл қоңыр болады екен.

АЙС КОФЕ

Бұл кофенің дайындалуы өте қарапайым. Әсіресе Грекия елінде танымал.

Қажетті заттар: Сүт, мұз, қант, кофе.

Дайындалуы: Блендерге қант, сүт, мұзды қосып аралдырамыз. Үстіне экспрессоны қосып біркелкі қоймалжың деңгейге жеткенше араластырамыз. Ішер кезде үстіне кілегей немесе балмұздақ қоссақ болады. Шоколад ұнтағын сепкен тіпті жақсы.



САЛҚЫН КОФЕ ЖҮРТТЫҢ БӘРІНЕ ЖАҒЫМДЫ МА?

Мұздатылған, салқындалған кофелерді елдің бәрі іше беруге болмайды. Диетологтардың айтуынша ішектері ауыратын, ішек асқазан жолдарының созылмалы ауруы барлар, лактозаны көтере алмайтындар, кофе ішкенде денесі тітіркенетіндер салқын кофе ішкенде сақ болғандары жөн. Жаздың ыстық күндері салқын кофе ішкенде іштің кеуіп кетуі, асқазанның ауырлауы, жиі үлкен дәретке шығу, асқазанның түйілуі жағдайлары жиі кездесуі мүмкін. Мұндай жағдайлар болмаса онда салқын кофелерді емін еркін іше беруге болады.